

ISSN 2413-3558  
eISSN 2521-6465  
Индекс 74876

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ХАБАРШЫ

Дінтану сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК

Серия религиоведение

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# EURASIAN JOURNAL

Of Religious studies

---

№4 (16)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2018



# ХАБАРШЫ

ДІНТАНУ СЕРИЯСЫ №4 (16)

ISSN 2413-3558

eISSN 2521-6465

Индекс 74876



29.07.2015 ж. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті

Қуәлік №15490-Ж

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады*

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

**Мейрбаев Б.Б.**, филос.ғ.д., доцент м.а.

(Қазақстан)

Тел.: +7 701 272 1704

E-mail: relvestnik@gmail.com

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Байтенова Н.Ж.**, филос.ғ.д., профессор – ғылыми

редактор (Қазақстан)

**Абжалов С.Ү.**, филос.ғ.к., доцент – ғылыми

редактордың орынбасары (Қазақстан)

**Құрманалиева А.Д.**, филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

**Рысбекова Ш.С.**, филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

**Бейсенов Б.Қ.**, филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

**Альджанова Н.Қ.**, PhD доктор, доцент м.а.

(Қазақстан)

**Сатершинов Б.М.**, филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

**Затов Қ.А.**, филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Муминов Ә.К.**, т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Демеуова А.А.**, филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

**Луснан Турсеску**, Конкордия университетінің

профессоры, PhD, дінтанушы (Канада)

**Луиза Райан**, Шеффилд университетінің

профессоры, дінтанушы (Ұлыбритания)

**Мухаметшин Р.М.**, саяс.ғ.д., профессор

(Татарстан, РФ)

**Челеби И.**, Мармара университетінің профессоры,

исламтанушы (Түркия)

**Хизметли С.**, Шет тілдер және іскерлік карьера

университетінің ректоры, PhD, профессор

(Қазақстан, Түркия)

## ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Есекеева Э.**, магистр, ассистент-оқытушы

(Қазақстан)

Дінтану сериясы журналында қоғам үшін өзекті діни мәселелерді арқау еткен зерттеулер жарияланады



**ҚАЗАҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ  
Б А С П А Ү Й І**

## Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

*Гүлмира Шаккозова*

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

## Редакторлары:

*Гүлмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы*

## Компьютерде беттеген

*Айша Қалиева*

## Жазылу мен таратуды үйлестіруші

*Айдана Керімқұл*

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Aidana.Kerimkul@kaznu.kz

## ИБ №

Басуға 28.12.2018 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8.

Көлемі 3.5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

**ДІНТАНУ СЕРІЯСЫ**

---

**СЕРІЯ РЕЛІГІОВЕДЕНІЕ**

---

**RELIGIOUS STUDIES SERIES**

**Байтенова Н.Ж., \*Исаков Б.А.**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: beka\_kz96@mail.ru

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМ АТЫН ЖАМЫЛҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ**

Бүгінгі таңда ислам діні өткір тұрған және жиі талқыланып жүрген мәселелердің бірі. Ислам дінін ұстанушылардың өзі түрлі ағымдарға бөлініп, бір-бірімен таласып-тартысатын деңгейге жеткені мәлім. Әлемді шарпыған террорлық актілер, оларды жүзеге асыратын жанкештілер, діни сипаттағы қақтығыстар исламмен жиі байланыстырылып келеді. Діни ілімдерді өз мүдделеріне сай тиімді пайдалану ислам атын жамылған ұйымдарға тән құбылыс. Мұндай ұйымдардың әрекеттері Қазақстанда да көрініс берді. Сондықтан жалған ислам дінін шынайы исламнан ажырату әлемдік күн тәртібіндегі маңызды мәселе.

Мақаланың басты мақсаты ретінде ислам атын жамылған ұйымдардың пайда болу, қалыптасу алғышарттары, дамуы және Қазақстандағы көрінісі жан-жақты талданады. Сонымен қатар дәстүрлі ислам мен ислам атын жамылған ұйымдардың аражігі ажыратылып, олардың қоғамға тигізетін ықпалдары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** ислам, ислам атын жамылған ұйымдар, дәстүрлі дін, жалған діни ағымдар.

Baitenova N.Zh., \*Isakov B.A.

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, \*e-mail: beka\_kz96@mail.ru

### **The activities of pseudo-Islamic organizations in Kazakhstan**

Today Islam is one of the most pressing and debated issues. It is well known that Islam is divided into many currents and directions, and today it is quite tough competing with each other. Acts of terrorism, suicide attacks, conflicts in the religious sphere are often associated with Islam. Pseudo-Islamic groups are inherent in their own interests to use certain provisions of the religious doctrine of Islam. Such organizations have launched their activities in Kazakhstan. Therefore, to separate the activities and attitudes of pseudo-Islam from traditional Islam is an important problem of our time.

The main purpose of this article is to analyze the prerequisites for the emergence, formation, development of pseudo-Islamic organizations and the manifestation of their activities in Kazakhstan. Also, the difference between traditional Islam and pseudo-Islamic organizations and their influence on society is considered.

**Key words:** Islam, pseudo-Islamic organizations, traditional religion, pseudo-religious trends.

Байтенова Н.Ж., \* Исаков Б.А.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, \*e-mail: beka\_kz96@mail.ru

### **Деятельность псевдоисламских организаций в Казахстане**

Сегодня ислам является одной из самых актуальных и обсуждаемых проблем. Общеизвестно, что ислам разделен на множество течений и направлений, которые сегодня достаточно жестко конкурируют между собой. Террористические акты, действия террористов-смертников, конфликты в религиозной сфере часто связывают с исламом. Псевдоисламским группировкам присуще в своих интересах использовать те или иные положения религиозной доктрины ислама. Подобные организации развернули свою деятельность и на территории Казахстана. Поэтому отделить деятельность и установки псевдоислама от традиционного ислама – важная

проблема современности. Основной целью данной статьи является анализ предпосылок возникновения, становления, развития псевдоисламских организаций и проявления их деятельности в Казахстане, также исследование разницы между традиционным исламом и псевдоисламскими организациями и их влияние на общество.

**Ключевые слова:** ислам, псевдоисламские организации, традиционная религия, псевдорелигиозные течения.

## Кіріспе

Ислам әлемдік діндердің қатарында VII ғасырдан бері әлем жұртшылығының назарында. Орта ғасырларда тіптен ислам мәдениетінің сан салада шарықтап дамығаны, үлкен дамушылыққа жол ашқаны, адамзат өркениетіне зор үлес қосқаны баршаға аян. Алайда ислам өзінің пайда болу әрі даму тарихында бірқатар күрделі үдерістерді де бастан кешті. Сонау Мұхаммед пайғамбардың көзі тірі кезінде-ақ қылаң бере бастаған кейбір оқиғалар кейінгі әділетті халифтер дәуірінде өрши түсіп, түрлі ағымдардың қалыптасуына негіз қалады. Олардың арасында діни фанатизмге көзсіз ұрынғандары да кездеспей қалмады. Али ибн Әбу Талиптың көзі тірісінде оны құдайға теңеген шииттік топтың шығуы, олармен күресу фактілері немесе Әбу Бәкір ибн Кухафа алғашқы халиф болғанда зекет беруден бас тартушылардың, исламнан шыққандардың кездесуі, олармен болған күрестер ислам мен жалған ислам тақырыбының түп негізі сонау бастауына дейін баратынын көрсетеді. Жалған ислам зерттелуге тиіс аса маңызды тақырып. Өйткені, дін қоғамдық және жеке жүріс-тұрыс, әрекетті рухани реттеуші рөл атқаратыны белгілі.

Қалыпты діни сенімнің жалғандыққа ұласып, тіпті фанатизмге дейін асқынуына себеп қандай? Бірқатар жағдайларда псевдо сенімдердегі діни әсірелік өз мүшелеріне адам баласы жасауы тиіс ақырғы мүмкіндіктерді айқындап береді. Айталық, адамды өзін құрбан етуге я болмаса жаруға, сенім жолында қылмысқа итермелейді. Әрі бұндай әрекеттерді діннің де қуаттайтынын айғақтап, түрлі мысалдар келтіреді. Өз кезегінде бұл жағдай сенушінің сенім жолында аяғы тайқып, адасуына ұрындырады.

## Негізгі бөлім

Тарихта дәстүрлі ислам қатарынан шығып кетіп адасқан ағымдар аз болмаған. Олардың кейбірі жойылғанмен, кейбірі бүгінгі күнге де жетіп отыр. Кейбір теріс пиғылды ағымдар бүгінгі күні қазақ елі үшін де өзекті болып, «бұлар

кім, мақсаты не?» деген сұрақтарға жауап іздегіп, еріксіз зерттеулер жүргізуге итермелеуде. Қазақ халқы да ислам сенімінде, дегенмен ислам атын жамылған теріс пиғылды ағымдардың еліміздің бірлігі мен ынтымағына, тәуелсіздігі мен тұрақтылығына зиян тигізери сөзсіз. Сондықтан халықты шатастыратын ағымдарды зерттеп, шынайы исламнан алшақ қалыптарын анықтап көрсету бүгінгі күні өткір тұрған мәселенің бірі екені талассыз.

Ислам – әлемдік жас дін болып табылады. Ол жетінші ғасырда Араб түбегінде пайда болды. Ислам монотеистік дін болғандықтан, өз кезегіндегі көпқұдайлықпен күресті. Құрушысы соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) (570-632 жж). Бүгінгі күні 1,5 – 2 миллиардқа жуық әлем тұрғындары осы дінді ұстанады (Сайтбеков, 2011: 14).

Псевдоисламдық ағым өкілдері өздерін ғана жұмаққа лайықтымыз деп білді. Оны дәлелдеу үшін мутәшабиһ аяттарға қисынсыз мағыналар таңа бастады. Айтпағымыз, псевдоисламдық ағымдардың пайда болуына Құранды әртүрлі түсіну әрекеттері түрткі болды. Дегенмен ағымға бөлінуге басқа да факторлар әсер етті.

Тәпсір саласына енгізілген негізсіз мәліметтер ислами әдебиеттерде «исрайлият» деп аталады. Белгілі бір саяси мүддені көздеген адамдар қарапайым халықты өздеріне тарта білу үшін мұндай мәліметтерді ұтымды қолдана білді».

Исламда псевдоағымдардың қалыптасуына бұл да өзіндік әсерін тигізді. Мұсылмандар арасында қалалық пен далалық болып бөліну де өзіндік пікір қайшылығына себеп болғаны жасырын емес. Айталық, харижит және шииттердің басым көпшілігі шала сауатты көшпелі дала тұрғындары болған.

Діни ілімі шамалы бола тұра кейбір мұсылмандар пәтуа беретін, буынсыз жерге пышақ ұрып, орынсыз жерге килігетін әдет орын ала бастады. Бұндағы үлкен себеп – араб тілін жетік білмеуде жатыр. Тілді жетік білмеген соң Құранды толық түсінбеді, ал Құранды түсінбеу – орны толмас өкініштерге жол ашты.

Ағымдардың қалыптасуына ықпал еткен саяси оқиғалардың да ықпал еткенін айту ке-

рек. Алғашқы саяси оқиғалар мен ағымға бөлінушілік хазіреті Алидің билігі тұсында (656-661 жж.) харижиттер жағынан бастау алған. Тағы бір көзқараста Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар әл үстінде жатқанда басталған.

Осындай діни, әлеуметтік және саяси шиеленістердің салдарынан мұсылмандар түрлі ағымдарға бөлініп кетті. Теріс кеткен ағымдар кейіннен тағы да бөлініп, уақыт өте келе жойылып жатты. Сондай кері тартпа пиғылдағы арандатушы әрі деструктивті алғашқы секта Харижиттер екенін айтуға болады.

«Харижилердің негізгі сенімінше, кез келген бір үлкен күнә істеген, яки парыз амалды орындамаған адам кәпір болып саналады. Біздің қоғамда да діндегі парызды, яғни намаз оқымаған, бірақ өзін мұсылманмын деп санайтын адамды кәпір дейтіндер кездеседі. Ендеше, адасушы теріс ағымдардың сенімдері мен ұстанымдары толықтай жойылды деу әлі ерте. Өкінішке орай, мұсылмандар әлі күнге дейін бөлінудің індетінен құтыла алмай келеді.

Ислам тарихына көз жүгіртер болсақ, түрлі жағдайда қалыптасқан псевдоағымдардың басым бөлігі адасушылыққа ұрынған. Бүгінде жер бетіндегі мұсылмандардың басым көпшілігін сүнниттер құрап отыр. Ал сан жағынан шииттер азшылықта. Сүннит пен шииттерден басқа ағым өкілдерінің саны саусақпен санарлықтай. Шииттер негізінен Иран, Ирак және Парсы шығанағындағы елдерде, Әзірбайжанда көбірек шоғырланған. Шииттер әһлу сүннеттен сенім (ақида) тұрғысынан әрі фикһи мәселелерде ерекшеленеді. Мұсылман санатына жатқыза алмайтын шиит тармақтары бар. Ал имамиа шииттері болса, кейбір мәселелерде шектен шыққандықтан адасушы ағым болып саналады.

Сонымен, ислам дінінде алғашқы псевдоисламдық ағымдардың пайда болуының тарихи тұрғыдан алғанда өзіндік бірқатар себептері болды. Түрлі ағымдар, оның ішінде псевдоисламдық ағымдардың да қалыптасуына діни үкімдерді түсіну мен түсіндіру барысындағы әдістер: араб тілінің грамматикасының ерекшелігіне байланысты, бір хадистің түрлі мағынада риуаят етілуіне байланысты, бір сұраққа қатысты түрлі мағынадағы бірнеше хадистердің кездесуі, пайғамбардың іс-әрекеті мен сөздерінің әркелкі жорамалдануы, имамдардың хадис іліміндегі дәрежелерінің әркелкі болуы, хадис дәрежелерін белгілеудегі тәсілдердің әртүрлі болуы, хадистегі насих, мансух мәселесі т.б. этностық жағдайлардың әсері, халифалыққа қатысты бірқатар саяси оқиғалар әсер еткен. Ал Уаххаби,

Бахаи, Ахмадия, Құраниттер, Зікіршілер секілді т.б. беріде пайда болған ағымдарға сыртқы күштердің әсері болғаны анық.

Қазақстан қоғамына жалған діни ағымдар тәуелсіздіктен кейінгі жылдары ағылып келе бастады. Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан-салалы. Сөзіміз дәлелді болуы үшін соңғы кездердегі статистикаға көңіл бөле кетсек, 1989 жылғы 1 қаңтар айында 30 конфессияға қарасты 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2003 жылдың 1 қаңтарында 3206 діни бірлестіктер жұмыс істеген. 2012 жылғы қайта тіркеу әрекетінен бұрын еліміздегі тіркелген ұйымдардың саны 4551-ге жеткені анық (Шәпиев, 2009: 5). Қазір олар қайта тіркеуден өтті, қазіргі саны үш мыңнан асады. Бұл да аз емес. Бұған қоса, кейбір дәстүрден тыс, тоталитарлық және деструктивті секталар мен радикалды діни ағымдардың біразы тіркелуден бас тартатындықтан олардан зардап шеккендерді анықтап, жауапқа тарту мейлінше қиын. Негізгі алаңдаушылық тудырып отырған мәселе діни ұйымдар мен олардың іліміне сенушілердің өсіп бара жатқандығы.

Жасыратыны жоқ, ХХІ ғасырда ислам атын жамылған экстремизм ауқымды тақырыпқа айналды. Елімізге шетелден діни секталармен қатар, түрлі саяси, діни бағыттағы ислам атын жамылған діни топтар да келіп жатты. Шет елдерде діни білім алған бірқатар жастар елге қайтып келген соң дәстүрлі исламға қайшы келетін көзқарастарды жайып, елдегі тұрақтылық пен тыныштыққа қатер төндіре бастады. Ел ішінде теолог мамандар қалыптаса қоймағандықтан, діни ағымдарды бір-бірінен ажырату былайғы халыққа оңай соқпады. Бір жағы діни ағымдардың қалыптасу тарихы, ілімдік ерекшеліктері, мақсат-мүдделері, тарихы мен қызметі талданған еңбектер де болмады (Байтенова, 2010).

Республикамызда 1990 жылдардың соңын ала алғашқы псевдоисламдық топтар бой көтере бастады. Солардың бірі «иассауишілдер немесе сопылар» деп өздерін атайтын, ал халық «зікіршілер» деп атап кеткен діни топ. Олардың рухани ұстазы түбі Пәкістандық Исматулла Мақсум. Ол 1997 жылы Алматы маңындағы Қарасу мешітінде өзіне мүридтер әзірлей бастады. Рухани ұстаздарын олар пір немесе таксыр деп атады. Оларға шілдеханадан өту шарт болды. Мүридтер қырық күндік оқудан өтті. Шілдеханадағы оқу тәртібі қаталдығымен ерекшеленді. Мүридтер оқшау жағдайда ұсталды. Пірдің рұқсатынсыз бөтен кісілермен сөйлесуге, шілдеханадан шығуға, күн сайынғы БАҚ, кітап, журнал оқуға

тыйым салынады. Пір қатысқан алқа топпен бәрі зікір салды. Олар өздерінің зікірін «алқа зікірі» және «ара зікір» деп атады.

«Екі-үш сағатқа созылатын зікір салу психотехникасы мен әдісі белгілі бір сөздерді айқайлап айтып, бастарын бұлғақтатып, селкілдеп отыруға және белгілі бір ырғақпен билеуге негізделеді» (Байтенова, 2008).

Бұл псевдоисламдық ағымның бір ерекшелігі, олар үгіт-насихатында халықтың қалыптасқан ауыз әдебиетін, жыр, аңыздары мен ұлт мақтаныштары Абай мен Шәкәрімнің еңбектерінің әр тұсын өз мақсаттарына жіті қолданды.

Бұл псевдодіни ағым Алматы, Семей, Ақтау қалаларында белсенді әрекет етті. «Сопылар» тобын зерттеуші, ғалым О. Әлімбаев, олар Алматыда, Семей өңірінде, Түркістан маңында жамағат деңгейінен асқан. Ал Маңғыстауда «сопылар» «Шухрат» деңгейінен астық», – деп санайтындықтарын атап көрсетті (Әлімбаев, 2005).

Исматулла Мақсұмның «Жария зікірдің дәлелі» және «Құран сырларының әліппесі» атты кітаптарын асыра мадақтап баспасөз мәслихаты өткенмен, дінтанушылар ол кітаптардың исламға да, қазіргі ғылымның жетістіктеріне де қайшы тұстары бар екенін әшкерелеп мақалалар жазды. Сол уақыттарда бұл псевдоағым өкілдері жайлы баспасөзде көп жазылып, талқыланды, нәтижесінде «Зікіршілер» ұстанымы мен көзқарастары ислам негіздеріне қайшы келетіндігі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасында ресми түрде жарияланып, арнайы пәтуа шықты. Бұл пәтуада жария зікір мұсылман дініне жат, бидғат деген анықтама берілді. ҚМДБ-ның зікірші сопылар туралы пәтуасы төмендегідей:

«Қожа Ахмет Яссауи сынды әулиелер мен Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты ұлық кісілердің жолындамыз деген топ шықты. Ұлыларымыздың ұстанымы олардан бөлек. Ал ол топ дүниелік мақсатқа қол жеткізу үшін ғұламаларымыздың есімін жабу ретінде қолданып жүр» (Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының 2000 жылдан бастап шыққан пәтуалардың бір бөлігі, 2008).

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Діни фанатизм нанымның молдығынан емес, шынайы діни мәдениеттің кемдігінен шығады», – деп атап көрсеткен болатын (Назарбаев, 1999).

Елімізде Салафи, Хизбут тахрир, Таблиғи жамағат, зікіршілер, Алла аят, Құраниттар секілді жалған исламдық ағымдар халқымыздың діни бірлігі мен ынтымақты өміріне кері әсерін тигізуде. Бір дінде бола тұра түрлі ағымдарға

бөліну ұлттың тұтастығына, бара-бара елдің тыныштығы мен тұтастығына үлкен қауіп төндіреді. «Псевдо діни ағымдардың өкілдері өз нанымдарына тартуда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Негізінен заң аясында тіркеліп, жария түрде жұмыс атқарған сияқты көрінгенімен, жымысқы түрде көптеген жұмыстарды қосымша атқарады. Оған қазіргі тіл үйрету курстары молайып, қайырымдылық қорларының көбейіп кетуі, сол арқылы өздеріне адам тауып жатқандығы куә (Абдурахман К., Түмер Г., 1997). Бұған қоса, бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде діни мазмұндағы газет-журналдар жарыққа шығару да дәстүрлі емес діни ағымдар жиі пайдаланатын тәсіл. Жалпы Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда діни ағымдардың емін-еркін таралуы мен олардың қатарының күн санап өсуінде халықтың, әсіресе жастардың құқықтық және діни сауатының аздығы үлкен ықпалын тигізіп отыр деуге болады.

Жалған діни ағымдардың таралу жолдары: белгілі бір тұлғаның дәстүрлі ағымның таралуына қолдау көрсетуінде. Өздерін құқықтық, әлеуметтік жағынан қорғану мақсатында елге танымал, беделді адамдармен тығыз жұмыс атқаруға күш салады. Екіншіден, бөтен мемлекеттің мүддесін жақтап әрекет жасайды. Бұндай діни ұйымдар Қазақ елінде таралу үшін шет мемлекеттерде өздерін мойындатады не үкіметтік деңгейде қолдау табады. Үшіншіден, олардың қаржылық мәселесі турасында. Жалған діни ұйымдардың екі жағы бар: бірі коммерциялық, екіншісі идеологиялық. Олар діни ағымнан бөлек салым салушы немесе бизнесмен ретінде де еркін жұмыс атқарады. Оған қарсы тұру үшін жеке тұлғаның құқықтық және діни сауатты болуы өте маңызды. Жастардың құқықтық және діни сауатын жетілдіру бағытында жұмыстар атқарылуы тиіс. Себебі қазіргі дәстүрден тыс деп аталып жүрген діни ағымдардың негізгі жұмысы жастарға бағытталып, олардың қатарын көбінесе оң солын толық тани қоймаған жастар құрап отыр.

Республикамызда тағы бір псевдоисламдық әрі экстремистік бағыттағы «Хизб-ут-тахрир» (Азат ету партиясы) ұйымының заңға қайшы әрекеттері байқалып, халықтың наразылығын тудырды. Бұл ұйымның діндегі мақсаты – ислам атын жамыла отырып, бұқараны билікке қарсы қою, дінаралық келісім мен татулыққа сына қағып, бейбіт өмір тыныштығын бұзу. Хизб-ут-тахрир зайырлы билікті мойындамауымен ерекшеленді. Атап айтқанда, Орталық Азия елдерінің мемлекеттік құрылысын мойындамады және

осы аймақта халифат құруды негізгі ұлы мақсат ретінде қабылдады әрі уағыздады. «Әһли сунна уәл жамаға дін ғалымдарының пікірлерін мойындамайды. Тағдырға сенбейді. Такиаддин Набахани өзінің «Шахсиятул исламия» (ислам тұлғасы) атты еңбегінде «Пенденің істеген іс-әрекеттері Алланың жазған тағдырына жатпайды» деген көзқарасы бұл ағымның тағдырға сенбейтіндігін білдіреді» (Құлмұхаммед, 2008).

Елбасымыз өзінің 2008 жылғы Жолдауында: «Қазақстан алдағы уақытта да халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмге қарсы күрес жөніндегі халықаралық коалицияның белсенді мүшесі ретіндегі ұстанымын жан-жақты нығайта беруге ниетті деп атап көрсетті».

Республикамызда бұдан басқа да «әл-Каида», «Мұсылман бауырлар», «Талибан», «Лашкар-Таиба», «Боз-құрт», «Өзбекстан ислам қозғалысы» және т.б. лаңкестік топтардың қызмет жасауына заңмен тыйым салынған.

Қазақстанда 2013 жылдың ақпан айында, Астанадағы «Сарыарқа» аудандық сот шешімі бойынша экстремистік ұйым ретінде танылған тағы бір діни топ «Таблиғи жамағат» болып табылады. Бұл діни қозғалыс 1926 ж. Үндістандық хадис ғалымы Мауләна Мухаммад Илияс әл-Қандаһлауи (1885-1944 жж.) тарапынан құрылды. Әл-Қандаһлауи өмірден озған соң, діни ұйым басшылығы оның ұлы Мухаммад Юсуфқа, одан кейін Инғам әл-Хасанның қолына өтті. 1920 жылы Англия бодауындағы Үндістан аумағында ауқымды ұлт-азаттық қозғалыс белең алды. Бодандыққа қарсы қозғалыс қарсаңында, индуизм сеніміндегі үндістер арасында модернистік және радикалды-фундаменталистік бағыттағы діни топтар мен ағымдар тарала бастады. Осы уақыт аралығында Үндістан жерінде христиан бағытындағы миссионерлік қызметтер белсенділік танытты. Осындай діни ұйымдар мен топтар мұсылман үндістер арасында уағыз-насихат жүргізіп, оларды өз наным-сенімдеріне тартты. Міне, осындай тенденцияға қарсы төтеп беріп, мұсылмандардың санын көбейту мақсатында «таблиғи жамағат» деген ұйым құрылды. Бүгінгі күні бұл діни ұйымның орталық кеңселері Үндістанда «Низамуддин», Пакистанда «Райванд», Бангладеште «Кокрайл» медреселері. «Таблиғи жамағат» діни қозғалысы бейресми халықаралық белсенділер топтарының торы. Бұл ұйым еш жерде тіркелмегенімен, бүкіл әлем бойынша ұстанымдары мен мақсаттарына еруші топтарға ие. Кейбір елдердің статистикалық мәліметтеріне негізделген ақпарат көздерінің хабарлауынша таблиғи жамағат ұйымына ерушілердің дү-

ниежүзіндегі саны 85 млн. адамға жеткен. Оның ішінде Үндістанның өзінде таблиғшылардың саны – 30 млн болса, Пәкістан елінде – 25 млн деп келтірілген. АҚШ аумағында 50 мыңнан астам таблиғшылар өмір сүрсе, Франциядағы олардың саны 100 мыңнан асқан (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012).

Мухаммад Илиястың бастауымен қалыптасқан бұл діни ұйымның қызметі 1940 жылдары Үндістан, Пакистан, Бангладеш елдеріне, кейіннен Египет, Сирия, Иордания, Палестина, Ливан, Ирак, Сауд Араб Корольдігі, Судан, Катар сияқты араб елдеріне кең тарады. Бұған қоса, таблиғшылар Европа мен АҚШ-қа да өтіп, сол жақтағы жақтастарын арттыра түсті. Бұл ұйым Пәкістанға діни білім алуға кеткен қазақ жастарымен тығыз байланысты. Олар мүшелерін «3 күндік», «7 күндік», «4 айлық» дін насихатына шетелдерге сапар шегуге итермеледі.

Исламтанушы С. Тәжібаевтың пікірінше, олар қарусыз көзбен қарағанда сырттай ислами мінез-құлқы жақсы, ықыласты, дін таратуға, дінге шақыруға талапты мұсылман бейнесінде көрінуі мүмкін. Алайда, шынайы іс-әрекеттеріне назар аударар болсақ, олардың асыл дініміздің кейбір тұстарын тастап, ғылым мен білімге негізделген баптарын қабылдамайтындарын да байқаймыз. Кез келген жамағаттың өзіндік қателіктері бар болатыны секілді, таблиғи жамағаттың да шариғат үкімдеріне қайшы келетін өзіндік қате-кемшіліктері бары мәлім.

Астана қаласының Есіл ауданы сотының шешімімен Таблиғи жамағат діни экстремистік ұйымының негізінде құрылған «Йақын Инкар» тобының іс-әрекетін экстремистік деп танылып, Қазақстан аумағындағы қызмет істеуіне тыйым салынды. «Йақын Инкар» тобының шынайы мақсаты бірқатар елдерде, оның ішінде Қазақстанда конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, халифат құру ([youtube.com // https://youtu.be/pgLKZb67t9c](https://youtu.be/pgLKZb67t9c)).

Бүгінгі күні ислам мен псевдоислам тақырыбында өзекті болып тұрған тағы бір діни ағым – салафилер. Ол бүгінде радикалды, экстремистік әрекеттерге өріс ашатын идеологиялық база ретінде жұмыс істеп келе жатқан ағым.

Мұхаммед ибн Абдулауһһаб мұсылмандарды алғашқы салафтар кезеңіндегі Исламға шақыруды мақсат тұтты. Оның ілімі үш қағидатқа негізделді:

- 1) таухид – бір Аллаға сену;
- 2) дінге қосылған бидғаттан (жаңашылдықтан) бас тарту;



## 3) шарифатты қатаң ұстану.

Уаһхабилер әулиелердің мазарын зиярат ету-ді құптамады. Пайғамбарлар мен әулиелердің кесенесіне барып тәуәссул жасағанды, дұға еткен адамды мүшрик, кәпір болады деп санады. Сол себепті кесене салу, кесенелерде намаз оқу, аруақтардың рухына садақа атау ширк. Мешіттерге садақа беруге тыйым салды (Байтенова, 2008: 82).

Мәуліт мерекесін мерекелеуді құп көрмей, оны бидғатқа жатқызды. Салих ибн Фаузан «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) туылған күнін мұсылмандардың надандары мен адасқандары ғана тойлайды» дей келе ондай әрекетті иудейлерге ұқсау деп бағалаған. Ендеше, оның бұл сөзінен «мәулітке рұқсат берген ғалымдар да адасқан» деген түсінік шығады.

«Уаһхабистер қарсы шыққан «мәуліт» мерекесін атап өтудің тозаққа апаратын кейіннен енген жаңалық болып табылатын бидғатқа қатысы жоқ. Әһлу сунна ғалымдары бұған рұқсат берген. Ол дінге енгізілген жаңалық емес» (Муслимов М., 2014).

Мұхаммед ибн Абдулаһһаб «бидғат» мәселесінде көп мұсылмандарды айыптады. Өйткені өзі бидғат мәселесінде Ибн Тәймияның көзқарастарынан шықпады. Кей жерде тіпті де шектен шығушылыққа барды.

«Уаһхабистер ақидада кәламшылардың, халал мен харам мәселесінде факиһтердің сөздерін дәлел ретінде қабылдамайды. Мұхаммед ибн Абдулаһһабтың ең көп қарсы шыққан, тіпті ширкке балаған мәселесі – өлгендер жерлерген мазарлар мен кесенелерді зиярат ету. Оның ойынша, пұтқа табынушылық нақ осы қабірлер мен кесенелерді зиярат етуден бастау алған.

«Әзірет Пайғамбар (с.ғ.с.) заманында мешіттер қарапайым болғандықтан мешіттерді әшекейлеу, күмбез бен мұнара тұрғызу – бидғат». Бұған қоса, олардың ұстанымы бойынша намазды жамағатқа қосылып оқу – парыз, намазды тәрк ету – кәпір ретінде діннен шығады. Құран мен хадисті көбіне тура мағынасында қабылдап, амал етеді. Аят пен хадиске ақылға сүйеп түсініктеме беру, жорамал жасау – бидғат не адасушылықтың өзі. Алланың сипаттарын Құрандағыдай қабылдады. «Алғашқы буын мұсылмандар муташабиһ аят пен хадиске сол күйінде сенген, тәуил, жорамал жасамағандықтан жорамал жасауды бидғат деп санап, ақылмен дендеп зерделеуге жүгінбейді. Аһлу сунна ғалымдары реті келгенде антропоморфизмге ұрынбауға сақтық таныта отырып, аяттарды тікелей мағынасымен емес астарлы (мажази) мағынасында және

араб тілінің рұқсат еткен аясында қабылдаған» (Сейітбеков С., 2012).

Мұхаммед ибн Абдулаһһаб сопылыққа да қатаң түрде қарсы шықты. Ол сопыларды мүшрик, Құдайға серік қосушылар деп пәтуа шығарды. Біреудің соңынан еру не ағым құруды – дін ішінен дін жасау деп санады. Дегенмен осыны айта тұра ол бұқараны өз идеялары мен діни пәтуаларын мойындауға шақырды. Өзін қолдамаған, дегеніне ермегендерді кәпір, құдайға серік қосушы мүшрик деп жазғырды. Сөйтіп бидғатпен күресемін деп жүріп, өз сөзіне өзі қарсы келіп жатты. Яғни әлдекімнің артынан жүру, бір жол құру дін ішінен дін жасаумен тең дей тұра, өзіне пікір қосылмағандарды адасқан санап, жаңа бір жол немесе ағымға негіз қалады.

Уаһхабилер Құран, сүннет белгілеген және Ибн Таймияға тән наным түсінігімен шектелмеді. Өздерінің көзқарастарын барша мұсылманға міндеттеп танды. Бидғат ұғымының аясын тым кеңейтті. Құлшылыққа қатысы жоқ кейбір жайттарды да орынсыз бидғатқа жатқызды. Өз көзқарастарын тек бейбіт түрде насихаттаған жоқ, қажет кезде күш қолдануға дейін барды. Өздерін қолдамағандарды қарадай жау санап, өздерін кәпірлермен күрескендей сезінді. Бидғатпен күресуді «жамандықтан тыюға» жатқызып, пікірі өздеріне қосылмағандармен соғысу керек деп білді. Осындай шалақ түсінікпен жазықсыз жандарды қынадай қырды.

Жақын арада, Сарыағаш ауданынан шыққан, салафилік діни уағыздаушыларының бірі Махаматов Ділмұраттың заңсыз миссионерлік іс-әрекетпен шұғылданғаны үшін Сауд Арабия елінде тұтқынға алынғандығы туралы хабар мәлім болды. Сол ел территориясынан Қазақстанға интернет желісі арқылы заңсыз үгіт насихат жүргізіп салафиттік идеологияны, ұстанымдарын халыққа таратып отырған ([instagram.com // https://instagram.com/p/Bo88WP6hcAK](https://instagram.com/p/Bo88WP6hcAK)).

Белгілі ғалым А. Айталының пікірінше, уаххабизмді ұстанушы азаматтардың ұлтымызға тән ғасырлар бойы қалыптасқан ата-бабалар аруағын қастерлеп, тағзым етуіне қарсылығын халқымыз әсте қолдамайды. Ескерткіштер мен кесенелер атаулыны қиратып, сындырып, қазақ қоғамының мұсылмандығы мен имандығын арттырамыз деудің өзі шындап келгенде имандылық емес. Уаххабистердің Қазақстанның саяси, заң шығару жүйесін шарифатқа негіздеп теократиялық, немесе саяси билікті дін басыларына беріп, мемлекет орнату, Халифат құру секілді ұрандары халқымыздың ел билеу дәстүріне мүлдем қайшы (Айталы А., 2011).

Сонымен, бүгінде псевдоисламдық ұйымдардың ел бірлігі мен тыныштығына, діни біртұтастыққа тигізіп отырған зияны аз емес. Жалған мұсылмандық діни ағымдардың дінді теріс түсіну салдарынан Құран мен хадиске үстірт түсінік беру, келіннің сәлем салуына, бата беруге, ұлттық музыкалық аспапта ойнауға қарсылық, сақалды ретсіз қою, балақты қысқарту, халифат құрамыз деп билікке қарсы келу, билікті кәпір деп күстәналау, Құран жеткілікті деп хадистерге күмән ұялату, жихад деп ұрандап шетелдік лаңкестік ұйымдарға барып қосылу, мәуліт мерекесіне қарсылық, жаңа жылға, 8 Наурыз әйелдер мерекесіне қарсылық, намаз оқымағандарды кәпір деу, муфтият қарамағындағы имамдарды надансыну, зайырлы білімге қарсы келу, әйелдердің бірыңғай қара түсті киінуі, дінді уағыздаймын деп отбасына қарамай кету, көп әйел алу немесе некеге жауапсыз қарау, талақты ойыншыққа айналдыру, әминді дауыстап айту, мешітте талас шығару т.б. келеңсіз жағдайлар орын алуда. Осының салдарынан халықтың, әсіресе жастардың санасы сансырап, діни түсініктері шатасып, отбасының, елдің тыныштығын бұзу, экстремистік топтарға қосылу, қолына қару алып құқыққорғау орган өкілдеріне шабуыл жасау фактілері туындауда.

Расында, псевдоисламдық ағымдар ол қоғамдағы құбылыс. Ол құбылыстың міндетті түрде қоғамға әсер, ықпалы болатыны сөзсіз. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі осы жат діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені біздің қоғамның бір бөлігінің шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз», – дей отырып, дәстүрлі емес секталар мен жалған діни ағымдардың қызметіне қатаң тосқауыл қою қажеттігіне ерекше назар аудартқан болатын.

Қазақстан Республикасының Ата заңында ождан бостандығы мен діни наным-сенім еркіндігі, әртүрлі конфессияға тиесілі азаматтардың діни бірлестік құрудағы құқық тұрғысынан теңдігі, мемлекеттің діннен немесе діннің мемлекеттен ажыратылғандығы туралы қағидаттар бекітілген. Бұнымен қатар, діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне сүйенетін басқа да көптеген нормативтік-құқықтық негіздер бар. Осыған қарамастан, діннің өзіндік мәртебесі, қоғам өміріндегі шынайы рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына

тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі мен шекарасы күні бүгінге дейін дәл анықталмаған. Бұл келеңсіздік республикамыздағы қалыптасқан діни жағдайда орын алған жаңа үрдістерге байланысты анық аңғарылуда. Бұл бір жағы дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани ережелері мен догматикаларына негізделген жаңа діни ағымдардың туындауына тікелей қатысты. Осы себепті тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда халықтың дәстүрлі исламға бетбұрысы күшейгенмен ислам атын жамылған түрлі діни ағымдар да елімізге сыналап кірді. Қазіргі уақытта республикамыздағы мұсылман қауымы сенім тұрғысынан әлі де біртұтастық таныта алмауда. Елбасымыз елдегі діни радикализм мен экстремизмнің қай түріне де төзімсіздік таныту керектігін ескертті. Бүгінгі күні елдегі экстремизм көріністерінде исламдық жалған ұйымдар елеулі рөл ойнап отыр. Сондықтан да ислам мен псевдоисламдық ұйымдар тақырыбы өте өзекті.

Лаңкестік әрекеттердің қай-қайсысы да бейбітшілік пен тыныштыққа жасалған ауыр соққы. Олардың бір де бірін қандай себеппен қандай мақсатта жасалғандығына қарамастан құптауға, қолпаштауға болмайды. Террор – ең алдымен ғаламдық деңгейде аса қасиетті де аса құнды болып табылатын адам өміріне, сондай-ақ қоғамдағы өзара сенімге қатер төндіреді.

Лаңкестік – адам баласының жер бетіндегі ең жексұрын, жабайы қарекеті оны бір де бір дін, ешқандай логика, ешқандай дүниетаным ақтай алмайды. Өйткені, исламда адам өлтіру – жаратқан иеміздің еркіне қарсылық. Адам өлтіруге ешкімнің қақысы жоқ. Тіпті соғыс кезінде жазықсыз жандарға зиян келтіруге болмайды. Ешкім де жанкешті болуға тиісті емес. Үстіне жарылғыш заттарды толтырып алып, қандай діндегі болмасын қорғансыз жандардың арасына кіріп, жарылыс жасау – қылмыс. Дінімізде балаға зиян келтіруге, ғибадатханада құлшылық жасап жатқандарға тиісуге болмайтындығы жайында қадап тұрып айтылған.

### Қорытынды

Жалған мұсылмандық діни ағымдардың дінді теріс түсіну салдарынан мынандай фактілерге себеп болғанын анықтадық: Құран мен хадиске үстірт түсінік беру, келіннің сәлем салуына, бата беруге, ұлттық музыкалық аспапта ойнауға қарсылық, сақалды ретсіз қою, балақты қысқарту, халифат құрамыз деп билікке қарсы келу, билікті кәпір деп күстәналау, Құран жеткілікті деп хадистерге күмән

ұялату, джихад деп ұрандап шетелдік лаңкестік ұйымдарға барып қосылу, мәуліт мерекесіне қарсылық, жаңа жылға, 8 Наурыз әйелдер мерекесіне қарсылық, намаз оқымағандарды кәпір деу, муфтият қарамағындағы имамдарды надансыну, зайырлы білімге қарсы келу, әйел кісілердің бірыңғай қара түсті киінуі, дінді уағыздаймын деп отбасына қарамай кету, көп әйел алу немесе некеге жауапсыз қарау, талақты ойыншыққа айналдыру, әминді дауыстап айту, мешітте талас шығару т.б. Осының салдарынан халықтың, әсіресе жастардың санасы сансырап, діни түсініктері шатасып, отбасының, елдің тыныштығын бұзу, экстремистік топтарға қосылу, қолына қару алып құқық қорғау орган өкілдеріне шабуыл жасау фактілері туындағанын әрі оның ел қауіпсіздігіне төндіріп отырған қатерлері мен психологиялық қырлары ашып көрсетілді. Мұндай әсіре белгілер діни фундаментализм мен діни экстремизмге ұласпауы үшін оның алдын алуда мемлекет алдында бірқатар ауқымды жұмыстар тұр. Сондықтан шынайы ислам мен жалған исламдық ұйымдардың аражігін ғылыми түрде ажырата отырып, алдағы уақытта діни экстремизммен күресті жалғастырып, жастарды құқықтық және діни тұрғыдан сауаттандыру, діни ағартушылық бағдарламалар әзірлеу, орта және жоғары білім беру саласында тиісті шараларды жетілдіре түсу керек. Бұған қоса, теріс ағымдарға жол бермеу үшін салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымызға сәйкес келетін, сан ғасырлардан бері дін исламды тәлім етіп, насихаттауда дұрыс бағыт беретін Ханафи мазһабының негіздерін қайта жандандыру қажет. Елдің діни сауатын өсіріп, білімін жетіл-

діріп, теріс пиғылды діни ағымдарға ілесіп кетуіне жол бермей, олардың қоғамға қаншалықты залалды тұстары барын ашып айтып түсіндірген жөн. Қазіргі уақытта көп жастардың дәстүрлі ислам дінін танып-білуге деген қызығушылығын қаперге алсақ, көп жағдайда мешіт имамдарының оларды оқытып-үйретуге әлі жете бермеуде. Осы себепті дәстүрлі исламды түсінгісі, ұғынғысы, үйренгісі келетін жастарымыздың бірқатары интернет сайттарына үніледі. Осыдан келіп жастардың қалыптасып келе жатқан сана-сезіміне, психикасына, жан дүниесіне ықпал етіп, ұлттық рухани бағытта жетілуіне, дамуына айтарлықтай кедергі келтіретін жайттардың алдын алып, интернет пен әлеуметтік желі ішіндегі парақша атаулыны қатаң қадағалап, дәстүрлі ислам дініне қайшы келетін сайттарды бұғаттап, ұдайы бақылау қажеттілігі туындауда.

Қазіргі кезде республикамызда елдің, әсіресе, жастардың рухани-танымдық дүниетанымы мен тәрбиесін, діни сауатын көтеру маңыздылығы жиі сөз етілуде. Қоғамның діни өмірінің жай-жапсарын, даму тенденцияларын, діни ахуал өзгерістерін ескере отырып, оны жастарға жеткізе білу керек. Кез келген мемлекеттің болашағы мен кемелденуі өсіп келе жатқан жастардың болмысы мен санасына, мәдени өсуіне, дамуына, білімі мен тәжірибелік деңгейіне байланысты болады. Осы себепті жастардың заманға сай діни сауатын көтеріп, оларды дәстүрлі құндылықтарды сақтай білуге дағдыландыру – бүгінгі күннің басты мәселесі. Халықтың ұлттық сипатына айналған дәстүрлі Исламды мансұқтап, елдің дүниетанымына сырттан келіп, түзету енгізгісі келгендерге жол бермеу керек.

#### Әдебиеттер

- Сейтбеков С. Иман негіздері. (Алматы: «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011)  
 Сейтбеков С. Мәзһабтар тарихы. (Алматы: «Көкжиек», 2012)  
 Instagram.com // <https://instagram.com/p/Bo88WP6hcAK>  
 Youtube.com // <https://youtu.be/pgLKZb67t9c>  
 Абдуррахман К., Түмер Г. Діндер тарихы. (Анкара, 1997)  
 Айталы А. Мемлекет және дін (Ақтөбе газеті, 15 қыркүйек 2011). <http://www.aktobegazeti.kz/?p=13944>  
 Әлімбаев О. Сопылық синдромы. №9. (Шапағат-Нұр, 2005)  
 Байтенова Н.Ж. (авторлық ұжымның жетекшісі), Затов Қ.А., Рысбекова Ш.С., Бейсенов Б.К., Борбасова Қ.М., Құрманалиева А.Д., Мейрбаев Б.Б. Қазақстандағы діндер. (Алматы, «Қазақ университеті», 2008)  
 Байтенова Н.Ж., Абжалов С.У., Бейсенов Б.К., Борбасова Қ.М., Затов Қ.А., Құрманалиева А.Д., Мейрбаев Б.Б., Рысбекова Ш.С. Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. (Алматы, 2010)  
 Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының 2000 жылдан бастап шыққан пәтуалардың бір бөлігі. (Алматы: «Көкжиек», 2008)  
 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. (14 желтоқсан 2012) // <http://www.akorda.kz>  
 Құлмұхаммед М. Хизбутшылардың тағдырға сенбеуі. Ислам және өркениет. №14. (Алматы, 2008)  
 Муслимов М. Таблиғи жамағат. 18.03.2014. // <http://kazislam.kz/eislam-613/?lang=ru>

Назарбаев Н. Тарих толқынында. (Алматы: «Атамұра», 1999)

Шәпиев Б. Діни бірлестіктер іс-әрекеттерінің бағыттары: әдістемелік құрал. (Алматы, 2009)

#### References

Сейтбеков С. Iman negizderi. (Almaty: «Iclam mádenieti men bilimin qoldaı qory», 2011)

Сейтбеков С. Mázhabtar tarıxy. (Almaty: «Kókjiek», 2012)

Instagram.com // <https://instagram.com/p/Bo88WP6hcAK>

Youtube.com // <https://youtu.be/pgLKZb67t9c>

Abdýrrahman K., Túmer G. Dinder tarıxy. (Ankara, 1997)

Aıtaly A. Memleket jáne din (Aqtóbe gazeti, 15 qyrkúiek 2011). <http://www.aktobegazeti.kz/?p=13944>

Álimbekov O. Copylyq cındromy. №9. (Shapaǵat-Nur, 2005)

Baitenova N.J. (avtorlyq ujymnyń jetekshici), Zátov Q.A., Rycbekova Sh.S., Beicenov B.K., Borbacova Q.M., Qurmanalieva A.D. Meirbaev B.B. Qazaqstandaǵy dinder. (Almaty, «Qazaq ýniversiteti», 2008)

Baitenova N.J., Abjalov C.Ý., Beicenov B.K., Borbacova Q.M., Zátov Q.A., Qurmanalieva A.D., Meirbaev B.B., Rycbekova Sh.S. Qazirgi Qazaqstandaǵy jańa dinı uymdar. (Almaty, 2010)

Qazaqstan mucylmandary Dinı bacqarmacynyn 2000 jyldan bactap shyqqan pátýalardyń bir bóligi. (Almaty: «Kókjiek», 2008)

Qazaqstan Respýblikasynyn Prezidenti N.Á. Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaıy. (14 jeltoqsan 2012) // <http://www.akorda.kz>

Qulmuxammed M. Xızbýtshylardyń taǵdyrǵa cenbeıi. Iclam jáne órkeniet. №14. (Almaty, 2008)

Mýclimov M. Tablıǵı jamaǵat. 18.03.2014. // <http://kazislam.kz/eislam-613/?lang=ru>

Назарбаев Н. Тарих толқынында. (Алматы: «Атамұра», 1999)

Шәпиев Б. Діни бірлестіктер іс-әрекеттерінің бағыттары. Әдістемелік құрал. (Алматы, 2009)

**Рысбекова Ш.С., \* Рысбек Т.Ж.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: rusbek.togzhan@mail.ru

## **ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНДЕРДЕН ЖАПА ШЕККЕН ҚҰРБАНДАРДЫ ОҢАЛТУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

Мақалада деструктивті немесе дәстүрлі емес діни ағымдар қатарына кірген адамдарды оңалту мәселесі қарастырылған. Діни экстремизмнің және деструктивті діни ағымдардың алдын алу, дәстүрлі емес діндер құрбандарының оңалту жұмыстары діни қатынастарды мемлекеттік реттеу мәселелерінде орталық орындардың бірін қарастырады. Мәселе тек қазіргі заман талаптарына сәйкес діни жағдайдың өзгеруінде ғана емес. Жаңа діни ұйымдардың арасында мемлекетке, оның ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамға, әрбір адамға тигізетін қаупі орасан екенін ескеру қажет. Жаңа діни ұйымдардың діни ілімі, ішкі ұйымдастырылуы мен қызметі, ұлттық мәдениетке, әлеуметтік институттарға, дәстүрлі діндерге деген көзқарастарының ерекшелігі есебінен адамдардың санасы мен психикасына әсер ететін деструктивті ұйым ретінде бағаланады. Тұрғындарының радикализациялану қаупі бар және деструктивті діни ағымдарды жақтаушылар санының артуы тенденциясы байқалған ел ретіндегі Қазақстан үшін аталған бағыт айрықша мәнге ие болады. Осы орайда, халықаралық тәжірибені зерттей отыра, керек тұстарын Қазақстан өз тәжірибесінде қолдануына болады.

**Түйін сөздер:** деструктивті діни ағымдар, дәстүрлі емес діни ағымдар, оңалту, халықаралық тәжірибе, діни экстремизм, терроризм.

Rysbekova Sh.S., \*Rysbek T.Zh.

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, \*e-mail: rusbek.togzhan@mail.ru

### **Rehabilitation of victims of non-traditional religions: international experience**

The article deals with the problem of rehabilitation of destructive or non-traditional religious movements. Prevention of religious extremism and destructive religious movements, rehabilitation of victims of non-traditional religions is one of the Central issues in the state regulation of religious relations. The problem is not only that the religious landscape has changed in accordance with modern realities. It is impossible not to see that among the new religious organizations appeared quite a lot of dangerous for the state, its national security, and for the society, for each individual person. Many of the new religious organizations - due to the peculiarities of their dogma, internal organization and activity, attitude to national culture, social institutions, traditional religions – are evaluated as organizations that have a destructive impact on people's minds and psyche. For Kazakhstan, as a country where there is a threat of radicalization of the population and a tendency to increase the number of supporters of destructive religious movements, this direction is of particular importance. In this case, studying international experience, Kazakhstan can use it in practice.

**Key words:** destructive religious movements, non-traditional religious movements, rehabilitation, international experience, religious extremism, terrorism.

Рысбекова Ш.С., \*Рысбек Т.Ж.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
\*e-mail: rusbek.togzhan@mail.ru

### Реабилитация жертв, пострадавших от нетрадиционных религий: международный опыт

В статье рассматривается проблема реабилитации деструктивных или нетрадиционных религиозных движений. Предотвращение религиозного экстремизма и разрушительных религиозных движений, реабилитация жертв нетрадиционных религий является одним из центральных вопросов в государственном регулировании религиозных отношений. Проблема состоит не только в том, что религиозный ландшафт изменился в соответствии с современными реалиями. Нельзя не видеть, что среди новых религиозных организаций появилось достаточно много опасностей как для государства, его национальной безопасности, так и для общества, для каждого отдельного человека. Многие из новых религиозных организаций - в силу особенностей их вероучения, внутренней организации и деятельности, отношения к национальной культуре, социальным институтам, традиционным религиям - оцениваются как организации, оказывающие деструктивное воздействие на сознание и психику людей. Для Казахстана как страны, где существует угроза радикализации населения и тенденция к увеличению числа сторонников разрушительных религиозных движений, это направление имеет особое значение. В этом случае, изучая международный опыт, Казахстан может использовать его на практике.

**Ключевые слова:** деструктивные религиозные движения, нетрадиционные религиозные движения, реабилитация, международный опыт, религиозный экстремизм, терроризм.

### Кіріспе

Тәуелсіздік алған кезден бастап Қазақстанда әлемдік діндерге деген қызығушылықтар ояңды және сонымен қатар ұстанушыларының әлеуметтік тұтастық пен адамгершілік – дүниетанымдық көзқарастарға тигізер теріс әсері бар деструктивті діни ағымдар да тарала бастады. Деструктивті діни ағымдардың ерекшелік сипаттамасы азаматтардың әлеуметтік, мүліктік және құқықтық еркіндіктеріне қарсы заңсыз әрекеттер жасау болып табылады. Қарапайым азаматтың деструктивті дін ортасына түсуінің себептері әртүрлі болуы мүмкін. Көп жағдайда оның ең негізгі факторлары әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен психологиялық босандық, сонымен қатар азаматтардың діни сауатының жеткіліксіздігі болып табылады. Оған қоса, ҚР ҰҚК мәліметтеріне сәйкес қазақстандықтардың деструктивті діни ағымдарға тартылу динамикасы төмендемей отыр. Дін ұстанушылардың радикализациялау процесі жалғасуда. Ол бойынша деструктивті діни ағымдар құрбандарын оңалту әдістерінің, сонымен қатар олардың таралуының алдын алу жұмыстары бойынша қазіргі заманғы зерттеулердің қажеттілігі артып отыр.

Оған қоса, зерттеудің өзектілігі халықаралық ахуалмен де байланысты. Соңғы жылдары халықаралық терроризм мәселелері Қазақстанның ішкі діни жағдайына елеулі дәрежеде ықпал етіп келеді. Мемлекет аумағында халықаралық террористік ұйымдар түрлі интернет алаңдардың көмегімен экстремистік идеоло-

гияны насихаттауды мақсатты түрде қолға алған. Осылайша, Қазақстандағы жаһандану процестермен ақпараттық ағымның жоғары болуы жағдайында діни ағымдардың таралу мазмұны мен түрлерінде елеулі өзгерістер орын алған.

Қалыптасқан діни жағдаяттың және сырттан әсер ететін ықпалдың аясында деструктивті ағымдардың теріс ықпалынан зардап шеккен адамдарды оңалту мен оларды қоғамға тарту мәселесінің өзектілігі артып отыр. Деструктивті діни ағымдардың құрбандарын оңалту радикалды идеялардың таралуына қарсылық көрсету саласының басым бағыттарының бірі болып табылады. Жекелей қарастырғанда, ғылыми қауымдастықта оңалту жұмыстары түсінігінің астарында дәстүрлі емес діни ағымдардың теріс ықпалының салдарын жою және бұрынғы деструктивті ағымдарды ұстанушыларды қоғамға бейімделуге қатысты көмек көрсету жұмыстары қарастырылады.

### Негізгі бөлім

Әлемдік тәжірибеде «дәстүрлі емес ағымдар», «жаңа діни қозғалыстар» (ЖДҚ) терминдерін кеңінен қолдану таралған. Алайда, олар ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болған дәстүрді діндерге оппозициялық бағыттағы діни ағымдар түсінігін ашып көрсетеді. ЖДҚ келесідей ерекшеліктерін көрсетуге болады: ол белгілі бір үстемдік етуші дәстүрге қарама-қайшы болады, діни түсінікте эмоциялық-психологиялық жағы басым келеді, көшбасшылары өзде-

ріне «Құдай» мәртебесін иеленеді, діннің әлеуметтік міндеттеріне және т.б. басымдық береді. Тұтастай алғанда, отандық және шетелдік зерттеушілердің, мысалы Е.Е. Булова, Я.Ф. Трофимов, Л.С.Астахова, Л.И. Григорьева, Bryan R. Wilson, Paul J. Olson, және т.б. еңбектері дәстүрлі емес діни ағымдар және дәстүрлі емес діни қозғалыстарды зерттеу мәселелеріне арналған.

Оған қоса, тұтастай құрылым және тұлға ретінде «деструктивті табыну» және «тоталитарлық секта» сынды терминдермен тығыз байланысты белгілі бір дәрежеде мемлекетке теріс ықпал ететін, діни қозғалыстар, ағымдарды сипаттайтын «деструктивті діни ағымдар/ұйымдар/қозғалыстар» термині кеңінен таралғанын айта кеткен жөн. Шетелдік, оның ішінде американдық әдебиетте бұл құбылыс «деструктивті табыну» түсінігімен қатар қарастырылады.

Қазақстандық ғылыми тәжірибеде «деструктивті діни ағымдар» түсінігінің нақты анықтамасын кездестіру қиынға соғады, алайда, осы саланың зерттеушілері бұл терминді белсенді түрде қолданылып келеді.

Деструктивті діни ағымдардың жеке тұлғаға психологиялық ықпал ету әдістері «Діни экстремизмнің әлеуметтік-психологиялық сараптамасы (діни фанатизм шарттарының бірі өлімге тарту)» атты тақырыптағы ҚР БҒМ ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында орындалған М.П. Кабакова мен Е.А. Лазареваның «Психологические методы контроля сознания и поведения в деструктивных культах» еңбегінде сипатталған (Кабакова М.П., Лазарева Е.А., 2013).

Сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар мен сарапшылардың кейбір еңбектері деструктивті діни ағымдардың жеке әлеуметтік топтарға ықпалы туралы мәселелерге арналған, мысалы Ж.К. Ақсақалова мен М.П. Кабакованың «Особенности психологической устойчивости молодежи к новым деструктивным религиозным течениям» мақаласында жаңа деструктивті діни ағымдарға жастардың психологиялық орнықтылығының ерекшеліктерін зерттеудегі эмпирикалық нәтижелерді ұсынып, жастардың арасында «Мен деген не?», «Өмір деген не?» түсініктеріне қатысты дүниетанымды қалыптастырудың қажеттілігі туралы қорытынды жасалған (Аксақалова Ж.К., Кабакова М.П., 2015).

Осылайша ресейлік ғылыми қауымдастық тарапынан «деструктивті діни бірлестіктер» терминін мазмұнды түрде рәсімдеу әрекеттері қолға алынып жатыр. Философиялық көзқарастарынан қарастырғанда, дәстүрлі емес діни

ағымдар философия ғылымдарының кандидаты А.Н.Сыроваткиннің тарапынан «дәстүрлі діни көзқарастарға, кей жағдайда тіпті күллі әлемге де әртүрлі дәрежеде оппозициялық сипатта әсер ететін, әлеуметтік құрылымдар, мемлекет және мәдениетке бәсекелестік танытатын дәстүрлер, діни негіздер мен жақтаушыларын әлеуметтік діни институттарға тарту әдістері» ретінде анықталды (Сыроваткин, 2013).

Сондай-ақ зерттеушілер тарапынан деструктивті діни ұйымдардың (ДДҰ) сипаттамасы ретінде түрлі ерекшеліктер қарастырылады. Белгілі ресейлік ғалым А.Л. Дворкин, ДДҰ – қатаң құрылымды, аса қатты дәріптелген көшбасшысы бар, өз жақтаушыларының санасын бақылауға қатысты әдістер қолданатын, жаңадан қосылған адамдарды өздерінің бейілді, көңілші және жағымпаз мүшесіне айналдыруға қатысты түрлі әдістер қолданатын ұйым деп есептейді [Дворкин А., 2000: 41].

Ф.В. Кондратьев болса, ДДҰ-ның келесідей ерекшеліктерін анықтап көрсетеді: рухани қажеттіліктерді пайдаланады, тәуелсіз сыни пікірге қарсы келеді, тұлғалық дәрежеде өзін-өзі анықтау құқығынан айырады, ақшаны аясын тар мақсатта, көшбасшылардың жеке мақсаттарын жүзеге асыру құралы ретінде қарастырады, сыншыларға физикалық және заңдық тұрғыда жазалаумен қорқытады, отбасын жау ретінде қарастырады және т.б. (Кондратьев Ф.В., 1999: 24).

Оған қоса, зерттеулер аясында еліміздің ақпараттық кеңістігінде кеңінен таралмаған «деструктивті идеологиялық ағымдар» түсінігі қызығушылық танытады. Алайда бұл терминнің астарында қоғамдық қатынастарды тұрақсыздандыруға негізделген көзқарастар жүйесі, нормалар мен құндылықтардың түсінігін қарастырылады. Ресейлік зерттеуші Л.А. Калининнің анықтамасына сәйкес «деструктивті идеология тарихи жағдайда қоғамның дамуына объективті түрде қажетті болып табылатын қоғамдық қатынастардың бұзылуына, әлсіреуіне немесе олардың қалыптасуына ықпал ететін идеология (теория, көзқарастар, нормалар, құндылықтар жүйесі және белгілі бір әлеуметтік топтың қызығушылықтарын қоғамға тарату әдістері) болып табылады» (Калинин Л.А., 2007: 55).

Сонымен қатар, В.Г. Джаназяна мен О.И. Чердаковтың пікірінше, осы зерттеудің аясында көңілге қонымды болып келетін, деструктивті идеологияның таралу себептерінің бірі мемлекеттегі діни экстремистік ұйымдар по-

зициясының күшеюі болып танылады. Яғни, деструктивті идеология ұғымының астарында бекітілген құқықтық тәртіп пен құқықтық құндылықтарды бұзуға бағытталған идеологиялық нұсқаулықтардың кешені қарастырылады (Джаназяна В.Г., Чердакова О.И., 2016: 12).

Осылайша, деструктивті діни ағымдар термині дәстүрлі діндерге, әлеуметтік құрылымға және қалыптасқан мәдениетке қатысты оппозициялық қатынаста болып, қылмыстық сипаты басым топ көшбасшыларының жеке қызығушылықтарын дамытуға және топ мүшелеріне психологиялық тұрғыдан ықпал етуге бағытталып, қоғам мен мемлекеттің қалыптасқан құндылықтарын бұзу идеясын ұстанатын діни қозғалыстарды сипаттайтынын атап өткен жөн. Осының негізінде «дәстүрлі емес діни ағымдар», «жаңа діни қозғалыстар» анықтамаларынан жоғарыда көрсетілген терминнің негізгі ерекшелігі айқындалады. Оған қоса, бұл терминнің ғылыми-сараптамалық ортада, сондай-ақ ақпараттық кеңістікте кеңінен қолданып отырғаны байқалады.

Мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде конфессиялық фактор елеулі рөл атқарады, сол себептен де қоғамдық өмірдің бұл саласы заңнамалық тұрғыдан реттеледі. Бұл заңдар конфессияаралық келісім мен бейбітшілікті қолдауға, сонымен қатар еліміздің территориясында деструктивті діни ағымдардың таралуының алдын алу әрекеттерін жүзеге асыруға арналған.

Еуропалық парламенттің 1996 ж. 12 ақпанындағы «Еуропадағы секталар туралы» Қаулысында заңсыз немесе қылмыстық әрекеттерге тартылған секталарға діни ұйым статусын бермеу, сонымен қатар қазіргі ұйымдардың деструктивті сипаттағы әрекеттері байқалған жағдай болса, оларды бұл статусынан айыру туралы мәселе көтерілді (4 пункт Постановления Европейского Парламента «О СЕКТАХ В ЕВРОПЕ» от 12 февраля 1996 г.).

Осы құжатқа сәйкес, негізгі белгілері «адамдардың құқығына тұрақты түрде қол сұғу және адамдарға қатал қарау, жыныстық зорлық көрсету, заңсыз түрде бостандықтан айыру, адам саудасы, зорлық-зомбылыққа арандатушылық, нәсілдік көзқарастарды тарату, салық төлеуден жалтару, капиталдарды заңсыз түрде ауыстыру, заңсыз түрде қару-жарақ пен есірткіні саудалау, еңбек заңнамасын бұзу, заңсыз түрде дәрігерлік қызмет атқару сипатындағы қылмыстық әрекеттерді жүзеге асыру» болып табылады.

Ресейдің Конституциялық сотының 1999 ж. 23 қарашадағы № 16 Қаулысында «егер ой, ар-

ождан және дін еркіндігі және басқа да конституциялық құқықтар мен бостандық принциптеріне сәйкес келмейтін болса, дәлірек айтқанда жағдайы төмен немесе кедейшілікті басынан кешірген адамдарға психологиялық қысым немесе зорлық көрсету арқылы әлеуметтік және материалдық пайда ұсыну мақсатында жаңа мүшелерді шіркеулерге тартумен сипатталатын, адам құқығын бұзатын және заңсыз, қылмыстық әрекеттер жасайтын секталарды легализациялауға жол бермеу, сонымен қатар миссионерлік қызметке шектеу қою (оның ішінде прозелитизм мәселесімен байланысты)» мүмкіндігі айтылады» (Постановление Конституционного Суда РФ от 23 ноября 1999 г.).

Оған қоса, бірқатар елдерде нақты ағымдардың қызметіне заңдық тұрғыдан тыйым салынған. Келесідей елдердің тәжірибесін мысал ретінде қарастыруға болады. Дағыстан (Ресей Федерациясы) территориясында ваххабиттік экстремистік әрекетке тыйым салынған. Тәжікстанның Жоғары сотының шешімімен «Салафия» діни ағымын заңсыз деп танып, қызметіне тыйым салды. Сонымен қатар осындай тыйым салу тәжірибесі Өзбекстанда және ресейлік басқа да субъектілерде көрініс тапқан.

Жоғарыда сипатталған тәжірибелер бірқатар елдерде мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріндегі деструктивті діни бірлестіктердің жойғыш және қиратқыш ықпалын мойындауының белгісі болып табылады. Шетелдік мемлекеттерде деструктивті діни қозғалыстардың таралу үрдісі теріс бағыттағы әлеуметтік-психологиялық ықпалға түскен адамдарды анықтау және оңалтудың жаңа механизмдерін анықтауға негіз болды.

Бүгінгі таңда халықаралық тәжірибеде деструктивті діни бірлестіктердің идеяларын таратуға қарсы күрес жүргізу жөніндегі шаралар кеңінен қолданады. Олардың ішінде негізгілердің бірі деструктивті ағымдардың ықпалына түскен адамдарды анықтау және тану бойынша түрлі әдістерді енгізуге бағытталған. Осы орайда айта кететін жайт, бұл салада көп жағдайда жекелей алған қоғамдық немесе мемлекеттік институттар тарапынан түрлі құралдар арқылы бақылау жасау арқылы мониторинг әрекеттер жүзеге асырылады.

Тұтастай алғанда, теріс ықпалға түскен адамдарды анықтау процесінің халықаралық тәжірибесіне сараптама жасаудың негізі екі институттың қызметіне келіп тіреледі:

- дін мәселесі жөніндегі әлеуметтік-психологиялық және кеңес беру жөніндегі орталықтар;
- мониторингтік және барлау институттары (1-кесте).



1-кесте – Деструктивті ағымдардың ықпалына түскен адамдарды анықтау және тану бойынша әрекеттер

Мемлекет	Институттар	Мониторинг процесі
<i>Әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету аясында</i>		
Ресей	Шіркеулер жанындағы кеңес беру орталықтары	Деструктивті ағымдардың өкілдерін олардың жақын туыстарының осындай кеңес беру орталықтарына келуінің арқасында анықтау мүмкін болып отыр
Қазақстан, Қырғызстан, Ресей	Дін мәселесі бойынша «Жедел желілер» мен сенім телефондары	Мұндай тәжірибелердің міндеті дін мәселесі туралы түсіндіру - ағарту жұмыстарын жүргізумен қатар, зардап шеккендер туралы ақпараттарды жинақтау мен оларды сараптау болып табылады (В Кыргызстане появился телефон доверия по вопросам религии. Запомните номер. 15 декабря, 2016)
<i>Барлау қызметінің аясында</i>		
Ұлыбритания (Суррей графтығы)	Азаматтар мен жергілікті басқару органдары, жергілікті кәсіпорындар қызметкерлерінің және еріктілер тобының кеңесі	Жергілікті қауымдастықтардың радикализмнің пайда болуына қатысты тұрақтылығына мониторинг жасайды және өздерінің белгіленген территориясында деструктивті діни бірлестіктерді анықтап, жаңадан құрылуының алдын алуға қатысты жұмыстар атқарады (Заквасин А., Соловьёв В., 2017)
Бельгия	Әлеуетті құрылымдар	Террористік қауіптің артуына қатысты видео бақылау арқылы автокөліктердің қозғалысы мен шекарадағы және т.б. орындардағы бақылау шараларын күшейту. Сонымен қатар ұялы телефондарға арналған сим-карталардың иелерін сәйкестендіру ережелерін күшейтуге байланысты (карталарды паспортсыз сатуға тыйым салынған) жұмыстар жүргізіледі (Заквасин А., Соловьёв В., 2017).
Германия	Терроризмнен қорғандың жалпы орталығы деп аталатын координациялы органының жанындағы арнайы бөлімше	Деструктивті діни ағымдардың, оның ішінде исламдық радикалды ағымдардың рекрутингтік қызметін анықтауға қатысты әлеуметтік желілер мен Интернет-ресурстарына сараптама жүргізеді (Бабкин, 2018).

Осылайша, бірінші топқа Ресейдегі шіркеулер жанындағы Кеңес беру орталықтары мен «жедел желілерді», сонымен қатар Қазақстан, Қырғызстан және басқа да мемлекеттердегі арнайы орталықтар жанындағы дін мәселесі бойынша көмек беруге қатысты ұйымдастырылған сенім телефондарын жатқызуға болады. Деструктивті ұйымдар тарапынан зардап шеккен адамдарды анықтауға қатысты мұндай тәжірибелер жүргізіліп жатқан алдын алу жұмыстарымен түйіндеседі. Орталықтардың басты міндеті тұрғындар арасында түсіндіру және оңалту жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу болып табылады.

Бұл жағдайда, зардап шегушілердің өздері немесе олардың жақын туыстарының көмек көрсету орталықтарына баруы деструктивті ағымдардың ықпалына түскен адамдарды анықтаудың негізгі формасы ретінде қарастырылады. Шіркеулердің жанындағы кеңес беру органдарының артықшылығы дін қызметкерлеріне деген сенімнің жоғары болуының нәтижесінде келген адамдардың дін мәселесіне қатысты сұрақтарды талқылауға ықпал тудырады. Өз кезегінде «жедел желілер» хабарласушының жасырын болуына байланысты шынайы ақпаратты

беруге қатысты сенімді әңгіме құруға мүмкіндік тудырады.

Орталық қызметкерлерінің алған ақпараттарының негізінде мемлекеттің арнайы қызмет органдарымен біріге отырып, айтылған мәселелердің аясында оңалту орталықтарына барған адамдарға көмек көрсетуге байланысты қосымша жұмыстар жүргізіледі.

Институттардың екінші тобына деструктивті ағым өкілдерін анықтау процесін ұсынатын мемлекеттің әлеуетті құрылымдары жатады. Батыс елдерінде террористік қауіптің артуына байланысты мониторингтік қызмет бойынша атқарылатын жұмыстар күшейген. Бұл елдерде қазіргі заманғы бақылау технологиялары: автокөлік қозғалысын видео бақылау, ұялы телефондарға арналған сим-карталардың иелерін сәйкестендіру, әлеуметтік желілер мен Интернет-ресурстарға және т.б. мониторинг жүргізу шаралары белсенді түрде қолданылады.

Аталған шаралар терроризм мен экстремизмге қарсы бағытталған болса да, мемлекет территориясында деструктивті діни ағымдар мен рекрутингтік ұйымдардың жақтаушыларын анықтауға негіз болады. Себебі, арнайы құрылымдар жеке топтардың жүріс-тұрысын зерттеу-

ге қатысты мақсатты түрде ұйымдастырылған жұмыстарды жүргізеді.

Жоғарыда айтылған институттардың қатарында ерекшеленетіні Ұлыбританиядағы (Суррей графтығы) «Азаматтар мен жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті кәсіпорындар қызметкерлерінің және еріктілер тобының кеңесі» болып табылады. Бұл қоғамдық институттар белгілі бір мекендердегі тұрғындардың мінез-құлқына мониторинг жасауды қамтамасыз етуге және жекелей алған территорияда деструктивті діни бірлестіктерді анықтап, олардың құрылуының алдын алуға шақырады. «Қоғамдық күзет» ұйымдарының қызметі тұтастай алғанда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Осылайша, әлемдік тәжірибеде деструктивті діни ағымдардың теріс ықпалынан зардап шеккендерді мен олардың жақтаушыларын анықтап, тануға байланысты түрлі механизмдер мен шаралар қабылданған. Көп ретте мұндай әдістер ақпараттарды жинақтау мен оларға сараптама жасаудың негізінде зардап шеккендерді анықтауға қатысты мониторингтік түрде сипатталады. Бұл ретте келесі елеулі қадам деструктивті діни ағымдардың құрбандарын оңалту мен қалпына келтіру болып табылады. Деструктивті діни ағымдардың құрбандарын оңалту ұзақ әрі көп еңбекті қажет ететін процесс. Оның негізінде тек зардап шеккен адаммен ғана емес, сонымен қатар оның айналасымен де жұмыс жасауға тура келеді. Кейбір мамандардың берген бағасы бойынша деструктивті діни ағымдардың құрбандарын оңалту жарты жылдан бірнеше жылға дейін созылу мүмкін. Бұл ретте бағдарламаны толық өткен соң рецидивті болдырмау мақсатында үнемі бақылау жасап, кеңес беріп отыру керек.

Халықаралық тәжірибеде оңалту бойынша жасалатын жұмыс деңгейінің: діни, психологиялық, әлеуметтік (отбасы, қоршаған ортасы), кәсіптік, білім беретін, шығармашылық және қалпына келтіру сияқты 7 бағытын бөліп көрсетуге болады. Олардың көбі бірге әрекет ете алады. Оңалту жұмыстарының астарында, ол арқылы қамтылған бағыттар көп болса, оның нәтижесі де сондай дәрежеде болады.

Оңалту процесі диагностикадан басталады, себебі адамның деструктивті ағымдар қатарына қосылуға итермелеген себептерді, сонымен қатар ол адамға тән психологиялық сипаттаманы анықтап алып, соған сәйкес оңалту жұмыстары бойынша жеке жоспар құру керек. АҚШ Иракта баяндау негізіндегі сұхбат әдісін қолданған болатын. Бұл жерде оңалту процесі адамды

қамауға алған сәттен басталғанын атап өткен жөн. Сұхбат кезінде тұтқынның психологпен, дін өкілімен және педагогпен әңгімелесу өткізіледі. Осы үшеуі тұтқын адамның дін туралы әңгімеге ашықтығын, білім деңгейіне, психологиялық және т.б. жағдайына баға береді (Angell, Gunaratha, 2017).

Шри-Ланкада деструктивті діни ағымдардың ықпалына түскен адамдардан сұхбат алу, әңгімелесу, олардың бұрынғы өмірі (бэкграунд) жағдайын классификациялап, ұйымның құрамында болған кездегі қызметінің жоғары, орта және төмен деңгейін анықтайды. Бұдан ары бұл топтардағы бұрынғы бүлікшілер өз ішінде А, В, С, D, Е және F деген топшаларға бөлінеді. Қиын жағдайдағылар А және В топтарында болады. Әдетте бұлар көшбасшылар мен топтың белсенді мүшелері. Мұндай тұтқындарға жасаған қылмыстарының ауырлық деңгейіне сәйкес оңалтудан өту мүмкіндігі ұсынылады, немесе жазасын одан ары өтейді. С, D топтағыларға (орташа топ) да осындай дәрежеде екі түрлі таңдау – қамау немесе оңалту ұсынылады. Қауіптілігі өте төмен болып есептелетін Е және F топтары оңалту және қорғау орталықтарына жіберіледі.

Оңалтудың маңызды құрамдас бөлігінің бірі бұл үрдістің діни негіздемеге сүйене отырып жүргізілуі қарастырылады. Оның негізгі мақсаты деструктивті діни ағымдардың ықпалына түскен адамды өз көзқарастарының шынайы өмірге сәйкес келмейтінін және өз алдына бүліншілік сипатта екенін түсіндіру болып табылады. Бұл ретте 2001 жылдан бері осы бағытта жұмыс жасап жатқан Сингапурдің тәжірибесі ұсынылады. Мұсылмандық дін көшбасшылары мемлекеттік органдардың қолдауымен деструктивті діни ағымдардың ұсталған өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізген. Ол бойынша негізгі діни көзқарастарды бөліп қарастыруға және ықпал ету аумағы мен сипаттамасын анықтауға мүмкіндік туды. 2003 жылы Сингапурдің Діни оңалту тобы (ДОТ) құрылып, оның негізінде діни ғалымдар мен ұстаздар бірігіп, волонтерлік негізде әрекет еткен. Бұл топтың негізгі міндеті шамамен алғанда экстремистік көзқарасты ұстанатын тұтқындарға кеңес беру және діни доктринаны нақты емес немесе дәйексіз негіздемесін талқылау болып табылады. Оған қоса, бұл топтың өз өкілдері ішінде білікті арттыру мен білімді жетілдіру жұмыстарын жүргізетінін де атап өткен жөн. Осылайша топтың мүшелері Халықаралық орталықта саяси зорлық пен терроризмді стратегиялық зерттеулердің

магистрлік бағдарламасы бойынша білім алу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар бұл топ тұтқындармен жұмыс жасау мен тәлімгерлік білім беру бойынша тренингтерді, журналистика және т.б. курстарын ұйымдастырады (<http://www.refworld.org/cgi-bin/txis/vtx/rwmain/opendocpdf.pdf?reldoc=y&docid=57f78e5a4>)

Осы жерде бұл топтың тек қана тұтқындағы радикалдардың діни сауаттылығын арттырумен ғана емес, сонымен қатар олардың жұбайларымен және деструктивті ұйымдардың ықпалына түскен басқа да әйелдермен де жұмыс жасайды. Оған қоса, мұсылман дін қызметкерлеріне діни тәлімгерлікті қамтамасыз етеді. Ондай отырыстар көбіне сұхбат пен пікір-таластар сипатында өткізіледі (Nur Irfani Saripi, 2015).

*Психологиялық деңгей.* Шри-Ланкада оңалту процесін жүзеге асыру барысында тұтқындардың психологиялық-әлеуметтік тұрғыдан қалпына келтіру мәселесіне көңіл бөлінеді. Мемлекетте Оңалту мәселесі бойынша бас өкілетті бюросы құрылды да, соның бастамасымен Оңалту және қорғау орталықтары ашылды. Бұл орталықтарда оңалту жұмыстары білім беру, рухани, психологиялық-әлеуметтік, кәсіби және әлеуметтік мәдени сипаттағы 6 бағытта жүзеге асырылады. Психологиялық-әлеуметтік оңалтудың негізінде адамға тұлғааралық байланыс дағдыларын қайтадан иеленуге мүмкіндік береді. Біріншіден, бұл қоғамдық құндылықтардың аясында адамның көзқарасына қалыпты дәрежеде әсер ететін: отбасы, бейбітшілік, достық пен жасампаздықты қабылдау үшін, күнделікті алған сабақтардың, әңгімелесудің, болашақ, арман-мақсаттар және бейбітшілік туралы ойларды талқылаудың нәтижесінде қол жеткізеді. Екіншіден, арт-терапия әдістері кеңінен қолданылады. Жастар арасында театрландырылған қойылымдар, поэзиялық, көркемөнер, би және музыкалық курстар және т.б. арқылы әлеуметтік жауапкершілік және серіктестік сезімдерін қалыптастыру мақсатында көп жағдайда GirlGuide және BoyScout бағдарламалары оң әсер етеді. Үшіншіден, психологиялық-әлеуметтік оңалту процесінде құрметті және табысты адамдардан құрылған тәлімгерлер тобы қатысады. Олар оңалту бағдарламаларына қатысушылармен бірге өздерінің өміріндегі сәтті жағдайларымен бөлісіп, әңгіме құрады ([http://cco.ndu.edu/Portals/96/Documents/prism/prism\\_42/prism105122\\_Hettiarachchi.pdf](http://cco.ndu.edu/Portals/96/Documents/prism/prism_42/prism105122_Hettiarachchi.pdf)).

*Әлеуметтік деңгей.* Оңалту процесінде деструктивті діни ұйымдардың құрбандарының айналасындағы адамдармен де жұмыс жасау аса

маңызды болып табылады. Себебі, біріншіден, олар радикализациялану қаупін басынан кешіреді, екіншіден туыстарының қолдауы қалпына келу процесіне оң әсерін тигізуі мүмкін. Сауд Арабиясының оңалту жөніндегі бағдарламасының оңалтудан өтетін адамдардың отбасыларын тегіс қамтитын жалпыға бірдей әлеуметтік және қаржылық қолдау бағдарламасы бар. Тұтқындардың отбасы мүшелерінің (балалары да, ата-аналары да) әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктері, оның ішінде білім алу, медициналық қызмет көрсету және тұрғын үй жағдайы толығымен қанағаттандырылады. Оған қоса, Сауд Арабиясында отбасылық оңалту бағдарламалары жұмыс істейді. Ол бойынша отбасыларға мемлекеттік қаржыландыру арқылы дерадикализациялану бойынша қабылданған бағдарламадан өту ұсынылады. Бұл ретте отбасы мүшелері өздерінің ұлдары/қыздарын және т.б. қалыптасқан түсініктерін өзгертуге үлес қосуға атсалысады. Сонымен қатар, оларға оңалту бағдарламасына қатысушы, түрмеде отырған – отбасы мүшелерімен, олардың бостандыққа шыққан кезінде қалай байланыс жасауға болатыны туралы мүмкіндіктер үйретіледі.

Бағдарламаның тағы бір маңызы зор міндеттерінің бірі мемлекет беделін көтеріп, тұтқындарға қатысты мемлекеттік органдар тарапынан қолданылатын азаптау мен зорлық көрсетулер туралы аңыздарды сейілту болып табылады (Per Concordiam, 2013).

Сингапурда оңалтудан өтіп жатқан адамдардың отбасылары мен жақын адамдарын қолдаумен айналысатын түрлі ұйымдарды біріктіретін Ведомство аралық көмек көрсету тобы жұмыс жасайды. YayasanMendaki, Мұсылман Кәсіпқой мамандарының ассоциациясы, TamanBasaan сынды ұйымдар әртүрлі ұйымдардың әрекеттерін үйлестіру және сарапшылардың күшін біріктіруге бағытталған. Мысалы, YayasanMendaki (ҮМ) ұйымы білім беру оның ішінде, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендердің отбасы мүшелерінің оқу шығындарын өту мәселесімен айналысады. Оған қоса, ведомство аралық серіктестігінің арқасында ҮМ ұйымы отбасыларды әртүрлі көмектер мен кеңестер алу үшін басқа ұйымдарға бағыттап алады.

*Білім беру және кәсіби деңгей.* Оңалту процесі бағдарлама аяқталған соң бостандыққа шыққан адамдарды қалпына келтіру үрдісімен санау кемер. Жергілікті нарыққа білім дәрежесі, өмір дағдысы мен іскерлігі жеткіліксіз тұтқындар жұмыс іздеу мен қалпына келу қиындықтарын

басынан кешіреді. Осыған байланысты оңалту кезінде білім беру және кәсіби бағыттарды көрсету аса маңызды болып табылады. Мысалы, Ирактағы американдық оңалту бағдарламасы сауат ашу, мектеп бағдарламаларының негізін, сонымен қатар белгілі бір кәсіби дағдыларды үйретуді қамтыған.

Филлипинде, бос бостандығынан айыру орындарында отырған адамдарға, олардың қатарында экстремизм және терроризммен байланысты іс бойынша отырғандарға да «Alternative Learning System» бағдарламасы іске қосылған. Ол бойынша жалпы білім беру сабақтары өткізіліп, офицерлер оқытушылық атқарады. Бұл сабақтар видео дисктерге жазылады да, оларды білім беру мақсатында қолдану үшін тұтқындардың жұбайлары мен балаларына жіберіледі. Осылайша, билік өкілдері балалардың білім алу мәселесін шешіп, тұтқындардың өз отбасыларымен туыстық қатынастарын қолдауға мүмкін жасайды.

Индонезияда діни экстремистердің жұбайларына ерекше көңіл бөлінеді. 2015 жылдан бастап, Индонезия университеті жанындағы Полицейлік зерттеу орталығы тарапынан әйелдердің кәсіпкерлігі мен құқығын кеңейтуге арналған курстар ұйымдастырылды. Халықаралық бейбітшілік құру жөніндегі институты осыған ұқсас бағдарламаны ұйымдастырып, түрмелерден босап шыққан экстремистердің жұбайларына арналған бизнес тренингтер өткізуді және оларға өз ісін бастауға арналған ақшалай қарызбен қамтамасыз етуді көздейді.

Сондай-ақ, Еуропада да тұрғындарды оңалту және дерадикалдау бойынша жұмыстары кеңінен атқарылады. Бұл ретте, мемлекет бұл мәселені шешу барысында қаржылай және әкімшілік және т.б. көмек көрсету арқылы үкіметтік емес ұйымдардың көмегіне жүгінеді. Мысалы, Германияда Violence Prevention Network (Зорлықтың алдын алу желісі) ұйымы, оң радикалды, діни экстремистік ұйымдардың қызметіне қатысуға байланысты күдікті болып табылатын жастармен жұмыс жасайды. Бағдарлама шағын топтар ішіндегі кездесулерді қарастыратын 23 аптаға созылатын курстан өтуге өз еркімен келісімін берген жастармен жұмыс жасауды көздейді. Курсқа азаматтық білім беру мен зорлық-зомбылыққа қарсы педагогикалық тренингтерді қатар жүргізуді қарастырады. Әрбір қатысушыға тәлімгер бекітіліп, олар тұрғын үй, жұмыс іздеуге, отбасы мен жақын туыстарымен кездесулер ұйымдастырып, қайтадан әлеуметтенуге көмек көрсетеді. Сонымен қатар, ұйым бағдарламаға қатысу-

шылардың ата-аналарына, достарына кеңес беруді жүзеге асырып, тренингтер өткізеді. Ұйымның берген мәліметтеріне сәйкес, бағдарлама өте сәтті өткізіліп, 2016 жылы бағдарламаға қатысушылар арасындағы рецидив көрсеткіші 5,0% құраған.

Діни экстремизм идеяларының таралу үрдісінің бірі, деструктивті діни ағымдарды жақтаушылар қатарында әйелдер санының артуы болып отыр. 2011 жылы Германияда үкіметтік емес ұйымдарды, сарапшыларды, ғалымдар, тәлімгерлер т.б. біріктіріп, әйелдерді діни экстремизмінің алдын алу мен дерадикализациялау мәселесімен айналысатын WomEx қозғалысы құрылды. Бұл қозғалыстың сәтті жобаларының бірі 7-9 айға созылатын оқу модульдері бар «Denkzeit training programme» болып табылады.

Бұл бағдарлама жастарға және жақын уақыт аралығында діни экстремизмге ұшыраған әйелдерге арналған. Оқу бағдарламалары негізінде 3 модульден тұратын «бір де бір» психодинамикалық, әлеуметтік-танымдық тренингтер өткізіледі. Бірінші модульде клиент әлеуметтік қақтығыс жағдайын анықтауға және эмоционалды дәрежеде ойлануға үйренеді. Жеке модульдердің қатысудағы нақты стратегиясы клиенттің тұлғааралық қатынастарды тануға бағытталған. Бұл әдістеме Ю. Кернердің психологиялық-динамикалық зерттеулерінің нақты мәліметтері негізінде дайындалған. Екінші оқу модульде клиенттер өз сезімдерін өте жақсы сезінуге, туындап келе жатқан агрессияны анықтауға дене мүшелерінің белгілерін түсінуге және ашудың түрлі деңгейлерін хабарлауға үйренеді. Күнделікті өмірдің түрлі жағдайларына қолданылатын жекелеген стратегиялар дайындалған. Үшінші модульде клиент «дұрыс, қате» туралы мәселені зерттейді. Алайда, бұл принциптерді тек қана бапкерлер тарапынан ғана емес, сонымен қатар моральдық стандарттар мен ойлау стратегиясын дайындау мәселесін зерттеу арқылы беріледі (<https://www.denkzeit.info/trainingsprogramme/>).

Халықаралық тәжірибеде деструктивті діни ағымдардың құрбандарын анықтау барысында түрлі институттар жұмыс жасайды. Көп жағдайда қоғамдық ұйымдар (шіркеулер, үкіметтік емес ұйымдар және т.б.) мен мемлекеттік құрылымдар, оның ішінде басым бөлігі әлеуетті мекемелердің қорлары қолданылады. Бұл бағыттағы басты мәселе деструктивті мінез-құлықтың көрінуі туралы ақпараттарды жинақтап, сараптау жұмыстарын жүргізу және олардың таралуының алдын алу шараларын жүзеге асыру болып табылады. Осыған байланыс-

ты деструктивті діни бірлестіктердің қызметінен зардап шеккен адамдарды оңалту жұмыстарын жүргізудің маңызы зор.

Оған қоса, халықаралық тәжірибе сараптамасының негізінде оңалту процесін жүзеге асыру барысында түрлі әдістер кеңінен қолданылады, дегенмен, бұл ретте ең маңызды компонент бағдарламаға қатысушылардың отбасы мен жақындарымен байланысын үзбеуі мен оңалтудан кейінгі қолдау көрсету болып табылады деген шешімге келуге болады. Бұл ретте мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы өзара байланыс пен серіктестікті, сонымен қатар үкіметтік емес ұйымдар арасындағы үйлесімділік мен әрекеттестікті ерекше атап өткен жөн.

### Қорытынды

Қазіргі уақытта дін ұстану мәселелеріне қатысты тұрғындардың қызығушылығының артуына байланысты дінге қатысты тақырыптардың өзектілігі артып отыр. Әсіресе бұл үрдіс исламның таралуында байқалады. Себебі, қазақстандықтардың басым бөлігі өздерін мұсылман деп танытатын болса, келесі басым бөлік өздерін христиан дінін ұстанушы деп белгілейді. Осылайша, статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2011 жылғы діни мекемелерді тіркеуге қатысты ереженің күшейгеніне қарамастан, Қазақстанда діни бірлестіктер санының арту үрдісі сақталып отыр.

Оған қоса, деструктивті діни ағымдар кеңінен таралып келеді. Бұл термин түрлі ғылыми салалардың (әлеуметтану, психология, криминология, дінтану және т.б.) зерттеу тәжірибесінде адамдардың санасы мен жүріс-тұрысын тұрақсыздандырып, теріс ықпал ететін діни ағымдардың ерекше белгілерін білдіру үшін кеңінен қолданылатынын атап өту керек. Осы зерттеудің аясында «деструктивті діни ағымдар» түсінігі дәстүрлі діндерге, әлеуметтік құрылымдарға және мемлекетте қалыптасқан мәдениетке оппозициялық сипатта болатын, көшбасшыларының қылмыстық бағыттағы жеке қызығушылықтарын жүзеге асыруға бағытталған және тұлғалық дамуды жоюды көздеп, топ мүшелеріне психологиялық ықпал етуді, қоғам мен мемлекеттік идеяны бұзуды қарастыратын діни қозғалыстардың анықтамасы ретінде қарастырылады.

Тұтастай алғанда, деструктивті діни ағымдарды жақтаушылар санының ұлғаюынан бірқатар жағдайлар көрініс береді. Бірінші ке-

зекте, діни экстремизм мен терроризм баптары бойынша қылмыстық істердің артуын нақты көрсету қажет. Істердің көпшілігі терроризмді насихаттау немесе террористік әрекеттерді орындауға ашықтан-ашық шақыруға қатысты болған. Деструктивті идеяларды таратудың арналары ретінде ақпаратты берудің электронды құралдарының танымалдығы жылдан жылға артуы мұндай бірлестіктердің ықпал ету аймағын анықтап, одан ары кеңеюіне жол бермеу процедурасын қиындатады. Мысалы, бүгінгі таңда «террористік» баптар бойынша тіркелген істердің басым бөлігі күдікті тұлғаларды анықтаудың қиындығы немесе олардың Қазақстаннан тыс аймақта орналасуына байланысты соттың талқылауына дейін жетпеген.

Оған қоса, діни қызметкерлерді, оның ішінде мұсылман діни өкілдерін дайындау бойынша діни білім беру жүйесінің әлсіздігі, интернеттегі дереккөздерінің танымал болуына байланысты тұрғындардың шетелдік сайттар мен шетелдік дін өкілдеріне жүгінуіне әкеліп соғады. Бұл дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру процесін қиындатады. Қазақстан территориясындағы шетелдік деструктивті діни ағымдардың белсенді әрекет етуінің бір көрінісі, жыл сайын Сирия мен Ирактағы әскери қақтығыс аймақтарына кеткен қазақстандықтар санының артуынан байқалады.

Деструктивті діни ағымдарды жақтаушылар санының артуы аясында деструктивті діни ағымдардың құрбандарын оңалту мәселелерін қарастыру өзекті болып отыр.

Деструктивті діни ағымдардың таралуына қарсы әрекет ету және дәстүрлі емес діннің құрбандарын оңалту жұмыстары бойынша халықаралық тәжірибенің сараптамасы дүниежүзіндегі көптеген мемлекеттердің заңнамасы дәстүрлі емес діни ағымдардың теріс ықпалы мойындалады, сонымен қатар мемлекет территориясында олардың қызметіне шектеу қою және тыйым салу әрекеттері қарастырылады. Деструктивті діни ағымдардың теріс ықпалына түскен адамдарды анықтаудың негізгі механизмі ретінде дін мәселесі бойынша әлеуметтік-психологиялық көмек пен кеңес беруді жүзеге асыратын орталықтар мен мониторингтік және барлау қызметін атқаратын институттар жұмыс атқарады. Осы орайда, Қазақстан үшін қандай тәжірибені қолданған қолайлы, әр түрлі бағытта оңалту жұмыстарын жүргізу сияқты мәселелерді қарастыру үшін халықаралық тәжірибеге жүгінген жөн.

### Әдебиеттер

- 4 пункт Постановления Европейского Парламента «О СЕКТАХ В ЕВРОПЕ» от 12 февраля 1996 г.  
Angell, Ami. Gunaratna, Rohan. Terrorist Rehabilitation: The U.S. Experience in Iraq. 1st Edition. (CRC Press, 2017)  
[http://cco.ndu.edu/Portals/96/Documents/prism/prism\\_42/prism105122\\_Hettiarachchi.pdf](http://cco.ndu.edu/Portals/96/Documents/prism/prism_42/prism105122_Hettiarachchi.pdf)  
<http://www.refworld.org/cgi-bin/texis/vtx/rwmain/opendocpdf.pdf?reldoc=y&docid=57f78e5a4>  
<https://www.denkzeit.info/trainingsprogramme/>  
Nur Irfani Sariپی. Religious Rehabilitation Group: Female Volunteers Ten Years On. (Nanyang Technological University, 2015)  
Per Concordiam: Журнал по проблемам безопасности и обороны Европы. Борьба с Насильственным Экстремизмом. Т. 4, No. 1. (per Concordiam editors Marshall Center Press, 2013)  
Аксакалова Ж.К., Кабакова М.П. Особенности психологической устойчивости молодежи к новым деструктивным религиозным течениям // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. No3 (54). (Алматы: Қазақ университеті, 2015)  
Бабкин, Степан. Борьба с терроризмом в Германии. (<https://www.tupa-germania.ru/politika/borba-s-terrorizmom-v-germanii.html>, 2018)  
В Кыргызстане появился телефон доверия по вопросам религии. Запомните номер. 15 декабря (2016) // [http://kaktus.media/doc/349327\\_v\\_kyrgyzstane\\_poiavilsia\\_telefon\\_doveriia\\_po\\_voprosam\\_religii\\_zapomnite\\_nomer.html](http://kaktus.media/doc/349327_v_kyrgyzstane_poiavilsia_telefon_doveriia_po_voprosam_religii_zapomnite_nomer.html)  
Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. (Новгород, 2000)  
Джаназяна В.Г., Чердакова О.И. Влияние идеологических концептов деструктивной направленности на правовую среду современной России // Юридическая наука, №1. (Москва, 2016)  
Заквасин А., Соловьёв В. Тень Брюсселя упала на Лондон: почему Великобритания стала новой мишенью террористов. (<https://russian.rt.com/world/article/371166-velikobritaniya-london-terroristy-mishen-prichina>, 2017)  
Кабакова М.П., Лазарева Е.А. Психологические методы контроля сознания и поведения в деструктивных культах // Журнал Известия НАН РК (Алматы, 2013)  
Калинин Л.А. Деструктивная идеология как социальный феномен: социально-философский анализ. (Нижегород, 2007)  
Кондратьев Ф.В. Современные культовые новообразования («секты») как психолого-психиатрическая проблема. (Белгород, 1999)  
Постановление Конституционного Суда РФ от 23 ноября 1999 г. N 16-П «По делу о проверке конституционности абзацев третьего и четвертого пункта 3 статьи 27 Федерального закона от 26 сентября 1997 года «О свободе совести и о религиозных объединениях» в связи с жалобами Религиозного общества Свидетелей Иеговы в городе Ярославле и религиозного объединения «Христианская церковь Прославления» // <http://www.echr.ru/documents/doc/12017723/12017723-001.htm>  
Сыроваткин, Алексей. Деструктивное влияние нетрадиционных религиозных движений на духовную безопасность современного российского общества. (Научная электронная библиотека, 2013). // <http://www.dissercat.com/content/destruktivnoe-vliyanie-netraditsionnykh-religioznykh-dvizhenii-na-dukhovnyu-bezopasnost-sov#ixzz5aiZjjwTK>

### References

- 4 pýnkt Postanovleniia Evropeiskogo Parlamenta «O SEKTAH V EVROPE» ot 12 fevralia 1996 g.  
Angell, Ami. Gunaratna, Rohan. Terrorist Rehabilitation: The U.S. Experience in Iraq. 1st Edition. (CRC Press, 2017)  
[http://cco.ndu.edu/Portals/96/Documents/prism/prism\\_42/prism105122\\_Hettiarachchi.pdf](http://cco.ndu.edu/Portals/96/Documents/prism/prism_42/prism105122_Hettiarachchi.pdf)  
<http://www.refworld.org/cgi-bin/texis/vtx/rwmain/opendocpdf.pdf?reldoc=y&docid=57f78e5a4>  
<https://www.denkzeit.info/trainingsprogramme/>  
Nur Irfani Sariپی. Religious Rehabilitation Group: Female Volunteers Ten Years On. (Nanyang Technological University, 2015)  
Per Concordiam: Jýrnal po problemam bezopasnosti i oborony Evropy. Borba s Nasilstvennym Ekstremizmom. T. 4, No. 1. (per Concordiam editors Marshall Center Press, 2013)  
Aksakalova J.K., Kabakova M.P. Osobennosti psihologicheskoi ýstoichivosti molodeji k novym destrýktivnym religioznym techeniam. Vestnik KazNÝ. Seriya psihologii i sotsiologii. No3 (54). (Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2015)  
Babkin, Stepan. Borba s terrorizmom v Germanii. (<https://www.tupa-germania.ru/politika/borba-s-terrorizmom-v-germanii.html>, 2018)  
V Kyrgyzstane poiavilsia telefon doveriia po voprosam religii. Zapomnite nomer. 15 dekabria (2016) // [http://kaktus.media/doc/349327\\_v\\_kyrgyzstane\\_poiavilsia\\_telefon\\_doveriia\\_po\\_voprosam\\_religii\\_zapomnite\\_nomer.html](http://kaktus.media/doc/349327_v_kyrgyzstane_poiavilsia_telefon_doveriia_po_voprosam_religii_zapomnite_nomer.html)  
Dvorkin A. Sektovedenie. Totalitarnye sekty. (Novgorod, 2000)  
Djanaziana V.G., Cherdakova O.I. Vlianie ideologicheskikh kontseptov destrýktivnoi napravlenosti na pravovúy sredy sovremennoi Rossii/Iýridicheskaiia naýka, №1. (Moskva, 2016)  
Zakvasin A., Soloviov V. Ten Briýsselia ýpala na London: pochemý Velikobritaniia stala novoi misheniý terroristov. (<https://russian.rt.com/world/article/371166-velikobritaniya-london-terroristy-mishen-prichina>, 2017)  
Kabakova M.P., Lazareva E.A. Psihologicheskie metody kontroliia soznaniia i povedeniia v destrýktivnykh kýltah. Jýrnal Izvestiia NAN RK (Almaty, 2013)  
Kalinin L.A. Destýktivnaya ideologiya kak sotsialnyi fenomen: sotsialno-filosofskii analiz. (Nijnii Novgorod, 2007)  
Kondratev F.V. Sovremennye kýltovye novoobrazovaniia («sekty») kak psihologo-psihiatricheskaiia problema. (Belgorod, 1999)  
Postanovlenie Konstitýtsionnogo Síyda RF ot 23 noiabria 1999 g. N 16-P «Po delý o proverke konstitýtsionnosti abzatsev tretogo i chetvertogo pýnka 3 stati 27 Federalnogo zakona ot 26 sentiabria 1997 goda «O svobode sovesti i o religioznykh obedineniiah» v sviazi s jalobami Religioznogo obschestva Svidetelei Iegovy v gorode Iaroslavle i religioznogo obedineniia «Hristianskaia tserkov Proslavlenniia» // <http://www.echr.ru/documents/doc/12017723/12017723-001.htm>  
Syrovatkin, Aleksei. Destýktivnoe vlianie netraditsionnykh religioznykh dvizhenii na dýhovnýy bezopasnost sovremennogo rossiskogo obschestva. (Naýchnaia elektronnaia biblioteka, 2013). // <http://www.dissercat.com/content/destruktivnoe-vliyanie-netraditsionnykh-religioznykh-dvizhenii-na-dukhovnyu-bezopasnost-sov#ixzz5aiZjjwTK>

**Уткельбаева З.**

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,  
Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: abrali@mail.ru

**МҰСЫЛМАН ҚҰҚЫҒЫ – ҚҰҚЫҚТЫҢ БІРЕГЕЙ ЖҮЙЕСІ**

Мусульманское право является одной из самостоятельных правовых систем. На современном этапе исследования, проводимые в данной отрасли права, являются актуальными и перспективными. В мусульманском мире сохраняется методология теологических школ (мазхабов), которые являются гарантом как сохранности ислама в целом, так и развития новых методологий в соответствии с историческими, национальными, культурными и другими условиями. Взаимосвязь ислама с наследием древнего мира в настоящее время явление феноменальное. Интерес к культуре и науке, а также достигнутые ими успехи в период расцвета исламской империи имеют огромное значение в истории мусульманской цивилизации. Исследуя данный феномен, мы понимаем то, что мусульманская культура по своей сути не является арабской или индийской, тюркской или иранской, а эта уникальная форма исламской цивилизации, которая представлена совокупностью наследия древних традиций и источником развития особой исламской цивилизации, способствующей распространению ислама в целом. Анализ применения исламского права помогает выработать метод оценки, с помощью которого можно более глубоко изучить суть и значение религиозной системы права в исламе в целом. Влияние глобализации на мусульманское право ставит задачи, которые требуют более детального изучения для выведения новых норм в соответствии с новыми условиями. В статье рассмотрены источники исламского права, а также вклад ученых ханафитского мазхаба, их труды и исследования.

**Ключевые слова:** мусульманское право, религия, глобализация, Абу Ханифа, Ислам, ханафитский мазхаб, цивилизация, культурное наследие.

Utkelbayeva Z.

Egyptian University of Islamic culture «Nur-Mubarak», Kazakhstan, Almaty, e-mail: abrali@mail.ru

**The Muslim right as a unique system of law**

Islamic law is one of the independent legal systems. At the current stage, research conducted in this branch of law is relevant and forward-looking. In the Muslim world, the methodology of theological schools (mazhabs) is maintained, which are the guarantor of the preservation of Islam as a whole and the development of new methodologies in accordance with historical, national, cultural and other conditions. The relationship of Islam with the heritage of the ancient world is phenomenal. The interest in culture and science, as well as their success during blossoming of the Islamic Empire are of great importance in the history of Muslim civilization. Exploring this phenomenon, we understand that Muslim culture is not essentially Arabic or Indian, Turkic or Iranian, but this unique form of Islamic civilization that represented by a combination of heritage of ancient traditions and the source of the development of a particular Islamic civilization contributing to the spread of Islam in general. An analysis of the application of Islamic law helps to develop an assessment method by which one can more deeply study the essence and significance of the religious legal system in Islam as a whole. The impact of globalization on Islamic law sets tasks that require more detailed study to bring new rules in line with new conditions.

The article discusses the sources of Islamic law, as well as the contribution of scholars of the Hanafi school, their works and research.

**Key words:** Islamic law, religion, globalization, Abu Hanifa, Islam, Hanafi school, civilization, cultural heritage.

Уткельбаева З.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abrali@mail.ru

### Мұсылман құқығы – құқықтың бірегей жүйесі

Ислам құқығы қазіргі заманның құқықтық жүйелерінің бірі болып табылады, оның ерекшелігі зайырлы және діни бастаулардың өзара іс-қимылы, оның шығу тегі мен іс-әрекетінің ерекшелігі, құқықтық нормалардың айрықша әртүрлілігі, егжей-тегжейлі жеке шешімдердің жалпы принциптермен үйлесуі, сондай-ақ жергілікті дәстүрлер мен әдет-ғұрыптармен тығыз өзара іс-қимыл болып табылады. Бұл феномен тек құл, Үнді немесе Түркі мәдениетімен ғана емес, бүкіл ислам құқықтық жүйесін бейнелейтін құқықтың бірегей үлгісі болып табылады. Қазіргі кезеңде бірқатар елдерде жаңа көзқараспен және ислам догматикасына ғана емес, сонымен қатар еуропалық құқықтық жүйелерге бағдарланатын жаңа нормаларды шығарумен «қазіргі заманғы ислам құқығының» реформациясы мен қалыптасуы байқалады. Ислам құқығына глобализациялық процестердің әсері де егжей-тегжейлі зерттеуді талап етеді. Бұл мақалада осы факторларды зерттеуге объективті талдау жасауға, сондай-ақ қазіргі исламдық құқықтық идеяларды және оларды ислам елдерінде қолдану практикасын зерделеуге талпыныс жасалды.

**Түйін сөздер:** мұсылман құқығы, дін, жаһандану, Абу-Ханифа, Ислам, ханафи мазхабы, өркениет, мәдени мұра.

### Введение

В последнее время все больше внимания уделяется феномену «возрождения религиозности» который связан с поиском идентичности. В данном аспекте место исламской религии представляет собой социокультурное единство, которое объединяет между собой группы людей с устойчивыми морально-нравственными ценностями и культурными традициями. Любое общество имеет совершенно определенную идентичность, которая движется по своим собственным ориентирам и пользуется собственным историческим наследием. Историческое наследие каждой нации является ее паспортом, а культурное историческое наследие исламского мира формирует историческую память мусульманских народов, которая придает силу мусульманскому обществу и служит причиной прочности, крепости и единства мусульманского мира (Насири, 2011).

В современном мире происходят сложные процессы обновления и поиска новых парадигм экономического, социокультурного и политического взаимодействия государств, социумов, наций, вероисповеданий. Глобальный характер происходящих процессов повышает значимость и роль ценностных оснований в исторических мировоззренческих системах, где исламская религия занимает доминирующее место. В развитии мировой цивилизации место религии имело особое положение как в социально-политических, так и в государственных системах управления, т.к. идея религии как доктрины была зафиксирована в Писаниях и Книгах, которые становились важнейшими источниками форми-

рования морально-правовых норм, государственных систем управления и социально-экономических институтов. По мнению, высказанному в монографии Вагабова М.В. и Вагабова Н.М. «Ислам: сущность и существование», проблема возникновения и изучения ислама, и его места в современном обществе остаются одной из актуальных теоретических вопросов религии, исследование которых имеет важное научно-практическое значение для получения достоверной информации о его сущности и существовании. Так как ислам, в отличие от других мировых религий, сохраняет свой догматический и культурный потенциал и, более того, имеет тенденцию к расширению сфер влияния, данные обстоятельства требуют от исследователей более глубоко изучения религиозной системы и получения научно достоверной информации об исламе в контексте прошлого и настоящего. Только подобным методом можно достичь получения научно-методологических выводов об исламской религии в целом (Вагабов М.В., Вагабов Н.М., 2007). Анализируя современную правовую систему ряда арабских стран и влияние шариатского наследия на исламское право мы приходим к выводу о том, что исламское право, применительно лишь к некоторым отраслям, и редко выступает в качестве традиционной доктрины, в результате данного факта происходит изменение норм, принципов, кодификации отдельных отраслей права. «Кодификация шариата (точнее – фикха), включение его положений в нормативно-правовые акты или даже принятое «исламское» законодательство ставят вопрос о значении такой трансформации для самого исламского права и его роли в современных правовых сис-



темах. Иными словами – допустимо ли считать положения такого законодательства исламским правом? (Сюкияйнен, 2012). В ряде других мусульманских стран исламское право не является основным источником права и действует лишь в форме законодательства. Это отношения личного статуса, которые закреплены нормативно-правовыми актами и рассматриваются как положения Гражданского кодекса, нормы которого подчинены общему смыслу законодательства, имеют мало общего с исламским правом и тем самым лишены своей традиционной специфики. Кодификация фикха и применение исламских правовых принципов, норм и отдельных институтов права, основанных на заимствовании европейских образцов права, являются примером современного взаимодействия исламской и европейской правовых культур, и требуют дальнейшего изучения. Так как в современном мире происходят сложные процессы обновления и поиска новых парадигм экономического, социокультурного и политического взаимодействия государств, социумов, наций, вероисповеданий, характер происходящих процессов повышает значимость и роль ценностных оснований в исторических мировоззренческих системах, где исламская религия занимает доминирующее место.

**Актуальность данного исследования** обусловлена тем, что на современном этапе тенденции развития исламского права представляют не только научный, но и практический интерес. Соответственно, возникает ряд вопросов о том, как современные вопросы и решения могут соответствовать исламской правовой системе, действующей формально, но взаимодействуя с европейской системой права. Немаловажным вопросом также является концепция источников права, вопросы иджтихада (деятельность богослова в поиске и решении вопросов правового комплекса). Изменение социальных условий, образа жизни общества, поднимают вопрос о реинтерпритации основных источников права с выведением новых норм. А также необходимость различия между источниками, принципами и методами исламского права актуальна и требует дальнейшего изучения. Необходимость изучения влияния не только внутренних, но и внешних факторов на исламское право, это глобализация, которая стала одной из важных тем изучения современного мира и отражает не только процессы взаимодействия и сближения между странами, культурами, народами, но и регулирует взаимоотношения между людьми. Следовательно, перед мусульманскими учены-

ми встает задача о ее влиянии на исламский мир и на исламское право в отдельности. В данном случае необходимо выделить два аспекта:

– выработка концептуального подхода влияния глобализации на мусульманский мир и на исламское право в целом с выведением объективных результатов;

– теоретическое освоение явления глобализации по отношению к исламу и ее влияние на исламскую систему ценностей, религиозно-правовых ориентиров.

Цели и задачи, рассмотренные в данной статье, состоят в том, чтобы проанализировать историко-правовую концепцию развития исламского права, этапы развития и становления, а также исследовать современное состояние.

Впервые, объективный анализ о влиянии процессов глобализации на правовые и государственные институты был сделан в труде И.И. Лукашука, и в публикации применительно к мусульманскому миру у К.М. Труевцева, который выделил финансово-экономическую, технологическую, информационную и духовно-культурную составляющую данного феномена. Одна из ведущих примет глобализации – прозрачность границ, снятие барьеров перед разнообразными формами обмена и отказ от всевозможных ограничений. Выигрыш в данном случае получают те страны и транснациональные институты, которые обладают большим потенциалом по сравнению с другими странами, имеющими более развитые технологические возможности, материальные ресурсы и политический вес. Мусульманский мир болезненно воспринимает тот факт, что не соответствует образу представленных наличие современных, финансово-экономических, технологических и информационных стандартов, а наоборот, является потребителем указанных результатов. В данном случае можно согласиться с А.В. Малашенко в том, что влияние глобализации на религию – один из самых мало исследованных моментов. Близкой точки зрения к данному мнению придерживается и Г.И. Мирский, который скептически оценивает вступление в процессы глобализации представителей исламской цивилизации. Но существует и противоположенное мнение о том, что наиболее успешно противостоит процессу глобальной вестернизации именно мусульманский мир. А. Ниязи обращает внимание на то, что ислам обладает особой моделью иммунитета, который основан на культурных и правовых устоях. В.И. Наумкин отмечает то, что ислам сам по себе уже содержит те принципы и концепции, которые могут

Қазақстанда дүниеге келген шоқтығы биік дін ғұламаларының бірі – Әбу әл-Хасан Әли ибн Мұхаммед бин Исмаил бин Әли бин Ахмед бин Мұхаммед бин Исхак әл-Исбиджаби ас-Самарқанди (535/1141 жылы қ.б.). «Шейх уль-Ислам», «Ала ад-дин», «Баһа ад-дин», «Кутб әд-дин» деген лақаптары болған. Әл-Исбиджаби ныспысы Исбиджап шаһарында (қазіргі Сайрам) туғандығы үшін берілсе, ас-Самарқанди ныспысы ұзақ уақыт Самарқанд қаласында тұрғандықтан телінген болса керек. Ибн Камал Паша (940/1534 ж.қ.б.) оны «ар-Рисала фи табақат әл-мұжтаһидин» атты еңбегінде ханафилік мазһабының «мұжтаһид» оқымыстыларына санатына қосады/Ибн Камал Паша. Табақат әл-Фуқаһа'. Түркия, Сүлеймания кітапханасы, Namidiye (764/III. 133–148/).

**Негізгі бөлім**

Ғалымның әл-Исбиджабидің «Шарх «Мухтасар ат-Таһауи» атты туындысының қолжазбасының жеке тараулары Иракта, Сауд Арабиясы Корольдігінде диссертациялық жұмыстың нысанасына айналып, зерттеле бастады. Иракта докторлық диссертация дәреже алу үшін Саид әл-Кубайси атты шығармасының «Ариййа бөлімшесінен (баб) «Истибра» бөлімінен кітап соңына дейін қолжазбасын зерттеп ұсынды [1]. 2017 жылы Бағдат Манабаев «Орта Азия мұсылман құқығы тарихындағы Али ибн Мұхаммад

әл-Исбиджабидің (535/1141 қ.б.ж.) орны мен маңыздылығы» деген тақырыптағы PhD докторы дәрежесін алу диссертациясын сәтті қорғап шықты [5]. Әл-Исбиджабидің «Шарх «Мухтасар ат-Таһауи» атты кітабының қолжазбасының жекеленген тараулары бойынша Сауд Арабиясында Мәдина қаласындағы Ислам университетінде бірнеше диссертация дайындалып, қорғалды [2, 3]. Осылайша кітап қолжазбасының тараулары толықтай диссертациялар арқылы зерделеніп болғаннан соң кітап болып басылмақ. Бағдат Манабаев өз алдындағы Сауд Арабиясында жазылып, қорғалған бұл диссертациялардан хабарсыз болғандықтан жұмысында айтпайды, әрі пайдалана алмаған.

Біз оқымыстының ұстазы шәкірттері мен «Шарх «Мухтасар ат-Таһауи» атты еңбегінен басқа кітаптары, сондай-ақ «Шарх «Мухтасар ат-Таһауи» негізінде араб елдерінде қорғалған диссертациялардың нәтижесінде айқындалған мағлұматтар, т.б. сүйеніп, кейбір соны мәліметтермен толықтыруға, байыта түсуге күш салдық.

Сондай айқындалған дерек – әл-Исбиджабидің ұстазы жайлы, ол-Әбу л Хасан Әли бин Ахмад бин ар-Раби ас-Санкабаси – Самарқандтың атақты имам, тақуаларының бірі болған, 452/1060 жылы дүниеден өткен, оған барлық естігендері бойынша куәлік (ижазә) жазып берген [2, 34 б.]; [6, 50-51 б.]. Әзірге әл-Исбиджабидің бұдан басқа ұстаздары жайлы анықталмай отыр.

Мәселен Бағдат Манабаевтің жоғарыдағы диссертациясында әл-Исбиджабидің шәкірттері қатарында екі тұлға: Әбу Саад әс-Самани

(562/1166-1167 ж.қ.б. және Бурһан әд-дин әл-Марғинани (511/1118–593/1196) ғана аталады [5, 33-34 б.]. Ал біз бұл тізімді қосымша тағы екі есіммен толықтырмақпыз: 1. Нажм ад-дин Әбу Хафс Омар бин Мұхаммед бин Ахмад ан-Насафи (460/1068 ж.қ.б.), ол атақты ғалым, фикһты өлеңге айналдырып жазған, «Ақида ан-Насафия» атты еңбегі аса танымал болған [2, 34 б.]. «Әл-Ғидаяның» авторы Бурһан әд-дин әл-Марғинанидің ұстаздарының бірі болған. Ан-Насафидің әл-Исбиджабиден риуаят еткендігіне әл-Марғинанидің: «имам әл-Исбиджаби және басқа да шейхтары (оларға Алла разы болсын) жеткізген хадисті Нажм ад-дин Әбу Хафс Умар бин Мұхаммед бин Ахмад ан-Насафи оның иснады бойынша айтып берген» [3, 49 б.] – деген сөзі дәлел болады;

2. Әбу Бақр бин Ахмад бин Әли бин Әбд Әзиз әл-Балхи әс-Самарқанди әл-Ханафи – фақиһ ғалым, мазһабы бойынша мүфти болған, «әз-Заһир» атпен танылған, тегі жағынан Балхтан (Бұл шаһар Хорасанда, қазіргі Ауғанстанның солтүстігінде), Самарқанд тұрғыны, имам әл-Исбиджабиден 500/1107-жылдардан кейін фикһты оқып үйренген. Марғатада фикһ бойынша дәріс берген, Нур ад-дин әз-Занки (билік құрған) күндері Халабқа келген. 553/1157 жылы дүниеден өткен [2, 34-35 б.]. Мула Ала ад-дин Әли бин Әмр Аллаһ әл-Хамид ибн әл-Ханаай (979/1572 жылы қ.б.) өзінің «Табақат әл-Ханафия» атты еңбегінде әл-Исбиджабиді Әбу Ханифа басында тұратын мектептің оныншы буынына жатқызады [4, 141-142 б.].

Әбу Саад әс-Самани (562/1166-1167 ж.қ.б.) «әт-Тахбир фи-л мужамал әл-кабир» (Үлкен сөздіктегі хабар) атты еңбегінде: «Ол ұзақ өмір сүріп, білім таратып, көпке танымал болды. Әбу л Әли әл-Хасан ибн Ахмад ибн Раби ибн Шафиғ ибн Мумин ас-Санкабасиден хадис тыңдады. Ол маған ижаза берді» – деп әл-Исбиджабидің діни білімдерді, хадис таратудағы, ұстаздық қызметі хақында бағалы мәлімет қалдырған [3, 50 б.]. Әл-Исбиджабиді көзі көріп, шәкірті болған, жақсы біліп, ол туралы құнды деректерді таңбалап кеткен Әбу Саад әс-Саманидің (562/1166-1167 ж.қ.б.) құнды деректерін басқа таражим кітаптарында пайдаланылған. Әс-Самани «әт-Тахбир фи-л мужамал әл-кабир» (Үлкен сөздіктегі хабар) атты еңбегінде «Ол мүфти болды, (ғұламалардың) басы болды. Сол уақыттарда Мәуәреннәһрде Әбу Ханифа мазһабын жатқа айтып, білген онымен теңдесетін бірде бір жан болмады. Кейін оның жақтастары пайда болды» – деген [2, 37 б.]. Әс-Саманидің айтқандарынан

жоғарыдағы келтірілген үзіндіден айқындалған маңызды жайттар – Әли ибн Мұхаммед әл-Исбиджаби (535/1141 қ.б.ж.) Мәуәреннәһр өлкесінде өз тұстастар Әбу Ханифа мазһабы ғұламаларының арасындағы ең жетік білгірі, көшбасшы болғандығы, алайда онымен әрі келіспеушілермен бірге қолдаушылардың пайда болуы. Бірі – Әли ибн Мұхаммед әл-Исбиджабидің (535/1141 қ.б.ж.) өз заманынында шоқтығы биік білімдар, ұлағатты ұстаз болуы себепті кейін даңқты ғалымдарға айналған Әбу Саад әс-Самани, Нажм ад-дин Әбу Хафс Омар бин Мұхаммед бин Ахмад ан-Насафи, Бурһан әд-дин әл-Марғинани сынды дарабоздар тәлім алып, ижаза алуға ұмтылған, әрі ол хақында мадақты сөздер қалдырған.

Зерттеулерде көрсетілген ғалымның еңбектері төмендегідей :

1. «Шарх «Мухтасар» ат-Таһауи»;
2. «Әл-Жамиу әл-кабир»;
3. «Шарх әл-Жамиу әл-кабир ли Мұхаммед бин әд-Хасан»;
4. «Әл-Мабсут»;
5. «Әл-Фатуа» – «әл-Фатуа ул-Исбиджаби» деген атпен белгілі;
6. «Шарх әл-Кәфи»;
7. «Шарх әл-Жами әл-сағир» .

Диссертант Әдил бин Мулфи бин Муснад әл-Улуи әл-Уфи «әл-Фихрист әл-Шамилге» сүйеніп бұл еңбектің 204 беттік қолжазбасы Стамбулдағы «Фатих» кітапханасында 1690 нөмірмен сақталғанын айтады [2, 36 б.]. Ғалымның ханафи мазһабының мәтіндеріне түсіндірме жазғандығына Мұхаммед ибн әл-Хасан әш-Шайбанидің «әл-Мабсут» кітабына, әл-Хаким әш-Шаһидтің «әл-Кәфи» кітабына шархтары дәлел.

Бұл тізімдегі ғалымның даңқын шығарған негізгі еңбегі, әрі дау тудырмайтыны «Шарх «Мухтасар ат-Таһауиді» бөліп көрсеткеніміз жөн. Қолданбалы фикһ (фуру ал-фикһ) саласындағы бұл шығарма мысырлық ханафи ғұламасы Әбу Джафар ат-Таһауидің (238/852-321/933) «Мухтасар ат-Таһауи» атты кітабын түсіндіруге арналған. Бұл кітаптың көптеген қолжазба нұсқалары әлем кітапханаларында сақталған. Ол «Шарх «Мухтасар ат-Таһауи» атты кітабын жазуда өз алдындағы Ахмад ибн Мансур әз-Зафари әл-Исбиджабидің осы аттас кітабын бағдарда ұстап, оның кемшіліктерін қайталамауға ұмтылған.

Әли ибн Мұхаммед әл-Исбиджаби:

«(Ахмад ибн Мансур әз-Зафари әл-Исбиджаби) бұл еңбекті тым егжей-тегжейлі етіп,

тым ұзақ етіп жазған. Ол пайдалы әрі жақсы (кітап), алайда жаңадан білім алушыларға ауыр, шәкірттер бұл еңбекті игере алмайтын болғандықтан қайта жаздым. Жалықтырып жіберетіндей тым созылыңқы да емес, пайдасы аз қысқа да болмастай етіп, жақсы жұмыс – ортасы деп жаңартып жаздым. «Ғидабат» бөлімін қысқарттым, ал «Муамалат» бөлімін, әсіресе, «Бұйу» бөлімін кеңейттім. Кейбір дәйектердің дәлел ретіне қабылдануына аса көңіл аудармадым. Кітаптағы сөйлемдердің түпкі мағынасы толық ұғындырылуы үшін кеңірек түсіндіруді жән санадым. Өз ісінің маманы, білікті шебердің өзінің жақсы көретін адамына белгілі бір затты шын ықыласымен жасағаны сынды мен де бар күш-жігерімді салдым. «Ғибадат» бөліміне пәтуаға қатысты, әрі зәру, маңызды деп есептелген мәселелерді қостым. «Муамалат» бөлімінен тақырыпқа сәйкеспейтін мәселелерді алып тастап, оның орнына негізгі және қосымша тараулардан тұратын бөлімдерді кіріктірдім. Сонымен қатар құқық (фиқһ) саласымен айналысып жүрген жанның жаттауына және ілім жолындағы шәкірттердің ұмытпай, есіне сақтауына жеңіл болуы үшін бірнеше түрге бөлдім» – десе, Әл-Исбиджаби түсіндірмесінің соңында: «Имам Әбу ал-Хасан Әли ибн Әбу Бакр осы мәселелерді жазып жүретін еді. Бірақ ол жазғандарын бір жинақ немесе бір кітап етіп біріктірмеді. Кейін шейх хафиз Әбу Наср Ахмад ибн Мансур әт-Табари әс-Самарқанди оның жазғандарын тым ауқымды етіп жинақтады. Мен осы кітабымды сол жинақтан сұрыптап орташа етіп жаздым. Осыдан бұрын ғибадат бабын өте қысқа етіп сұрыптаған едім. Кейін оған қосу керек екенін ұқтым. Сөйтіп ғибадат бабына «әл-Фатауа» мен «әл-Уюндағы» мәселелерді қостым. Бірақ контекске сәйкес келмейтін тұстарын алып тастадым. Әрі бірнеше түрлі еттім. Ат-Тахауидің кітабындағы реттілікті сақтадым. Бірінші соның риуаятын келтіріп, екінші өзімнің жинақтағанымды келтірдім» – деп жазған.

Ала ад-дин Әли ибн Мұхаммед әл-Исбиджабидің «Шарх «Мухтасар ат-Тахауи» кітабының жалпы фиқһ кітаптарының ішінде де, ханафи фиқһ кітаптарының ішінде де орны айрықша. «Мухтасар ат-Тахауи» – ең көне, ең ауқымды фиқһ кітаптарының бірі. Ол жүйелігімен, сөйлемдерінің нақтылығымен ерекшеленеді. Онда мазһабтар арасындағы айырмашылықтар, ханафи мазһабының дәлелдері қамтылған. Сол себепті бұрынғы ғалымдар бұл кітапты оқып, түсіндіруге айрықша мән берген.

Енді әл-Исбиджабидің «Шарх «Мухтасар ат-Тахауи» кітабына келетін болсақ, ол жоғарыда атап өткеніміздей, ханафи мазһабындағы ең жақсы, ғалымдар аса мән берген фиқһ мәтінінің түсіндірмесі болып есептеледі.

«Мухтасар ат-Тахауи» осындай құнды еңбек болса да, бұл кітапқа жасалған түсіндірмелердің ішінен Әбу Бакр ар-Рази әл-Жассастың шархынан басқалары зерделеніп, жарыққа шығарылған жоқ.

Кітапта көптеген фикһи қағидалар мен ережелер қамтылған, кейбір мәселелерге қатысты басқа мазһабтардың, әсіресе шафиғи мазһабының көзқарастары, кейде имам Мәликтің сөздерін ауызға алса, бір жерде ғана имам Ахмад ибн Ханбалдың, сол сияқты, кейбір мәселелерге қатысты әуелгі ізгілерден (салаф ас-салихун) көзқарастары берілген.

Б. Манабаев: «Ала әд-дин әл-Исбиджаби» Шарх «Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі ханафилердің негізгі оқулықтарының бірі еді. Тек Самарқан мен Исбиджап қалалары емес, бәлкі одан тыс өңірлерде де белсенді түрде оқытылатын. Ала әд-дин әл-Исбиджабидің ханафи фикһына арнап жазған бұл еңбегі өзінен кейінгі ғасырларда өмір сүрген ғұламалар арасында беделді шығармалардың біріне айналған. Ханафи мазһабынан тыс мұсылман елдеріндегі орталықтарда ханафи оқулықтарының ішінде негізгі оқулық ретінде жүрген. Бұл еңбекті Кіші Азия, Таяу Шығыс жерлерінде ханафилер сүйіп оқыған. Оның сыры – салыстырмалы фиқһ (фиқһ муқаран) жүйесіне негізделіп жазылуында. Шафии не маликилердің орталықтарын басқарған Осман империясының басшылары аталмыш шығармадан жергілікті мазһаб өкілдерінің ханафи негіздерімен келісетін, не болмаса қайшы келетін тұстарынан хабардар болып отырған. Соның негізінде олар өз мазһабтарын берік ұстанып, туындаған фикһи сұрақтарына салыстырмалы фикһтің негізінде ғылыми және дұрыс шешімдер шығарған болатын» [5, 100-101 б.].

Ала әд-дин әл-Исбиджабидің бұл кітабы ханафи мазһабындағы сенімді, танымал кітаптың түсіндірмесі (шарх) болып саналады. «Шарх Мухтасар ат-Тахауиінің» бағалылығы мен ғылыми құндылығы ханафи мазһабындағы сенімді кітаптардың бірқатарында («Бадаиғ ас-Санаиғ», «ал-Мухит ал-Бурһани», «Табин ал-Хақайк», «ал-Бахр ар-Раик», «Хашия Ибн Абидин» т.б.) осы еңбектегі кейбір мәселелерді сөзбе-сөз келтірілуінен айқын байқалады.

Әл-Исбиджаби еңбегінің маңыздылығы – Құран, сүннет, ижмағ, қиястан не истихсаннан дәлелдерге сүйенуінде.

*Түсіндірушінің кітапты жазудағы әдістері.*

Шейх ал-Ислам Ала ад-дин әл-Исбиджаби қолжазбаның бірнеше жерінде өзінің әдістерін тілге тиек еткен. Тізіп айтатын болсақ:

– қазы Әбу Наср Ахмад ибн Мансурдың түсіндірмесін өңдеп, жетілдіру, толықтыру;

– өзінің түсіндірмесін (шарх) оқыған адамды жалықтыратындай ұзақ та емес, пайдалы жақтарын азайтатындай қысқа да емес, керісінше орташа ету;

– Ғибадат тарауын (Китаб ал-ғибадат) Әбу ал-Ләйс әс-Самарқандидің «әл-Фатауа», «әл-Ғуюн» кітаптарындағы мәселелерді алып, кеңейтуі;

– сауда-саттық тарауындағы (Китаб ал-муамалат) кейбір маңызсыз мәселелерді алып тастаумен қатар, аса керекті негіздер мен тармақтарды қосады. Сондай-ақ оқытушыға түсіндіру оңай болсын, оқушыға жаттау оңай болсын деп оны бірнеше түрге жіктейді;

– кітапта «Мухтасар ат-Тахауидегі» тақырыптардың реттік тәртібі сақталған. Әл-Исбиджаби әуелі ат-Тахауидің риуаятын келтіріп, сосын барып өзінің алып-қосарын айтады;

– кітапты бұрынғылардың кітаптарымен, кейінгі шейхтардың пәтуаларымен салыстырады. Ондағы мақсаты – қателерін тауып, түзету;

– сондай-ақ әл-Исбиджаби өзінің бір пікірді екінші пікірден күшті деп бағалауындағы (таржих) әдістерін баяндайды: «Пәтуа беруде мына үш имамның: Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Мұхаммед. Бірінші Әбу Ханифаның сөздеріне жүгіну керек сөзіне сүйеніп пәтуа береді. Егер одан таппаса, Әбу Юсуфтың сөзіне, егер таппаса, Мұхаммедтың, сосын Әбу Ханифаның басқа серіктерінің сөзіне, сосын олардан кейін келген машайықтардың сөздеріне сүйенеді. Егер олардан да таппаса, ижтиһад жасайтындардың қатарынан болса, өзі ижтиһад жасайды». Тағы бір жерде былай деген: «Егер Әбу Ханифа басқа, екеуі (Әбу Юсуф пен Мұхаммед) басқа пәтуа берген болса, таңдау еркі – мүфтиде. Қаласа – Әбу Ханифаның сөзіне жүгінеді, қаламаса – екеуінің сөзіне жүгінеді. Егер де екеуінің біреуі Әбу Ханифа тарапта болса, онда Әбу Ханифаның көзқарасы күштірек саналады»;

– көп жерде «Мұхаммед ибн ал-Хасан намаз тарауында былай деген», «Мұхаммед ибн ал-Хасан зекет тарауында былай деген» деп айтады. Ол жерде Мұхаммед ибн ал-Хасан әш-Шайбанидің «Мабсут» деген атпен белгілі «ал-Асл» кітабы меңзеледі;

– кейбір түйіндердің шешімі бірауызды (ижмағ) екенін айтады. Ол кезде әл-Исбиджаби мазһаб ішіндегі немесе ханафилер мен шафиғилердің арасындағы ижмағты меңзеген;

– көбіне «Мухтасар ат-Тахауидің» мәтінін келтірместен түсіндіре береді;

– кейде хадистердің мазмұнын ғана айтады. (яғни, сөзбе-сөз келтірмейді);

– көбіне тараулардың басында «(Алла оған разы болсын) былай деген» немесе «Шейх, имам (Алла оған разы болсын) былай деген» деп айтады. Ол жерде шейх Әбу Наср Ахмад ибн Мансур әл-Исбиджабиді меңзеген. Сосын «Әбу Жағфар айтты» деп ат-Тахауиді айтады;

– кейбір мәселелерді «ат-Тахауи былай деген» деп бастаса, кейде «былай деген» деп ат-Тахауидің атамай-ақ бастай салады, егер «ат-Тахауи былай деген» десе, не ат-Тахауидің «Мухтасардағы» сөзін дәлме-дәл келтіреді, не соған жақын етіп береді.

Ғалым осы еңбегінде көне кітаптарға молынан сілтеме жасаған. Өзінің «Шарх «Мухтасар ат-Тахауи» кітабында берген сілтемелерінің барлығы дерлігі ханафи мазһабының кітаптары.

Кітапта тармақты мәселелерді талқылаған кезде, дәлелдерді келтірген кезде мынадай сөздерді қолданған: «Бізде», «Біздің машайықтарда», «Біздің имамдарымызда», «Біздің серіктерімізде». Ол осы сөздерімен ханафи ғалымдарды меңзегені кітапты оқыған адамға белгілі.

Әл-Исбиджаби түсіндіру (шарх) барысында жүгінген дереккөздерді атап өтейік:

1. Имам Убайдулла ибн ал-Хусайн әл-Кархидің (340 ж.) «Мухтасар ал-Кархи» кітабы;

2. Әбу Юсуф Яғқуб ибн Ибраһим әл-Ансаридің (182 ж.) «Китаб ал-Амали» кітабы;

3. Мұхаммед ибн ал-Хасан әш-Шайбанидің (189 ж.) «ал-Мабсут» деген атпен белгілі «ал-Асл» кітабы;

4. Мұхаммед ибн ал-Хасан әш-Шайбанидің «ал-Жамиғ ас-Сағир» кітабы;

5. Мұхаммед ибн ал-Хасан әш-Шайбанидің «ал-Жамиғ ал-Кабир» кітабы;

6. Мұхаммед ибн ал-Хасан әш-Шайбанидің «аз-Зиядат» кітабы;

7. Мұхаммед ибн ал-Хасан әш-Шайбанидің «Ан-Науадир» кітабы. Оны Мұхаммед ибн Самаға, Ибраһим ибн Рустум әл-Маруизи, Муғалла ибн Мансур риуаят еткен;

8. Мұхаммед ибн ал-Хасан әш-Шайбанидің «ас-Сайр ас-Сағир» кітабы;

9. Мұхаммед ибн ал-Хасан әш-Шайбанидің «ас-Сайр ал-Кабир» кітабы;

10. Әбу Әли ад-Даққактың «Китаб ал-Хайд» кітабы;

11. Әл-Хаким аш-Шахид Әбу ал-Фадл Мухаммад әл-Маруизидің (334 ж.) «әл-Мунтақа» кітабы;

12. Әс-Сарахсидің (483 ж.) «ал-Мабсут» кітабы;

13. Әбу әл-Ләйс әс-Самарқандидің (373 ж.) «Ғуюн ал-Масаил» кітабы;

14. Әбу әл-Ләйс әс-Самарқандидің «ал-Фатауа» кітабы;

15. «Ихтилаф Зуфар уа Яғқуб» кітабы. (Бұл кітап жоғалған кітаптардың тізімінде. «Кашф аз-Зунунның» авторы кітапты авторын атамай келтірген). Кітаптағы ғылыми тақырыптар Әбу Ханифа, Әбу Юсуф, Мұхаммед ибн әл-Хасан, Зуфар, әл-Хасан ибн Зияд, әл-Кархи сияқты ханафи мазһабының үлкен ғалымдарының кітаптарынан алынған. Фикһи мәселелерде Әбу Жағфар әл-Хиндуани, Мұхаммед ибн Самаға, Мұхаммед ибн Салама, Наср ибн Яхия сияқты ғалымдардың сөздерін берген.

Кейбір жерлерде «дұрысы былай» деу арқылы өзіндік тұжырымы бар ғылыми тұлға екенін байқатады.

Әл-Исбиджабидің «Таухид», «Сипат» тақырыптарына арналған кітабы жоқ. Оның өмірбаянын жазғандар да ақидасы туралы ештеңе айтпаған. Ғұламаның ақидаға қатысты көзқарастарын «Шарх мухтасар ат-Тахауи» кітабына сүйене отырып былай бөліп қарастыруға болады:

1. Алла тағаланың атымен ант ету туралы;
2. Алла тағаланың «Күдірет» сипаты туралы;
3. Алла елшісінің (с.а.у.) сахабалары туралы;
4. Басшыларға бағыну туралы.

«Ант – Алла тағаланың «Алла» есімімен, не басқа есімдерімен, не арабтар білетін кез келген ант сөздерімен ант ету. Оған шарият тыйым салмаған. Егер осылардың біреуімен ант ететін болса, онысы ант болып саналады. Алла тағаланың «Алла» есімімен ант етудің үлгілері: «Билләһи», «Таллаһи» және «Уаллаһи».

Сол сияқты, егер «Алланың атымен», не «Алланың ұлықтығымен», не «Алланың үстемдігімен», не «Алланың күдіретімен» деп ант етуге де болады. Өйткені, арабтар бұл сөздерді ант деп біледі. Ант етушіге қойылатын екі талап бар: 1) арабтар ант деп білетін сөздермен ант ету; 2) шарият тыйым салған ант түрлерімен ант етпеу.

Егер «Алланың ашуымен», «Алланың ризалығымен», «Алланың мейірімімен», «Алланың азабымен» деп ант ететін болса, онысы ант болып саналмайды. Өйткені, арабтар оны ант деп есептемейді.

Егер ата-бабаларымен, балаларымен ант етсе, онысы ант болып саналмайды. Өйткені, бұны арабтар ант деп білгенімен, шарият бұлай ант етуге тыйым салған. Пайғамбар (с.а.у.): «Ата-бабаларыңмен, балаларыңмен ант етпеңдер. Егер ант ететін болсаңдар Алламен ант етіндер, не болмаса ант етпеңдер», – деген.

Жиһад – егер мұсылмандардың басшысы әскерді жеткілікті деп білсе – *парыз кифая*. Егер әскер жетіспейтін болса, барлығын жаппай шақырады. Ол кезде азат ер, әйелдің барлығына жиһад *айн парыз* болады. Тек соқыр, созылмалы ауруға шалдыққан адамдар ғана босатылады.

Әке-шешесі бар адам, екеуінің рұқсатынсыз жиһадқа шықпайды. Сол сияқты, құл да қожайынының, ал әйел ерінің рұқсатынсыз шықпайды. Бірақ егер жаппай шақырылған болса, рұқсат керек емес, басқа құлшылықтар сияқты рұқсатсыз орындала береді [3, 357-359 б.].

Мұсылмандардың басшысы оларға (жауларға) жорық барысында исламды уағыздауы керек. Егер қабылдаса, мал-дүниелерін өздеріне қалдыруы керек. Пайғамбар (с.а.у.): «Кім мал-дүниесімен исламды қабылдаса, мал-дүниесі өзінде қалады», – деген. Сосын оларға жаудың жерінен мұсылмандардың жеріне көшуді бұйырады.

Әл-Исбиджаби кітапта аты аталған сахабалардың барлығының аттарынан кейін «Алла оған разы болсын» деп жазған. Бұл оның сахабаларды жақсы көретінін, құрметтейтінін білдіреді, ал сахабаларға құрмет деген – иманының көрінісі.

Құран мен сүннет басшыларға бағынуға бұйырады. Егер олар күнәге бұйыратын болса, бағынуға болмайды. Бірақ егер олар әділетсіздік жасайтын болса, оларға қарсы шығуға болмайды. Бұл – әһли сунна уәл жамаға негіздерінің бірі.

## Қорытынды

Әл-Исбиджабидің «Шарх «Мухтасар ат-Тахауи» жақсы жақтары сөйлемдерінің анықтығынан, мәселелердің негіздерін баяндаудан көрінеді.

Кітапта реттілік жақсы сақталған, бірінші имам ат-Тахауидің сөзін, сосын ханафи мазһабының, немесе басқа мазһабтан оған қарсы пікір айтқандардың сөзін беріп, сонан соң өз дәлелдерін келтірген.

Өзі келіспейтін пікір иелерінің ешбірін кемсітпейді. Керісінше, барлығының көзқарастарын әдеппен келтіріп, әрқайсысының есімін атағанда

«Алла рахымына алсын», «Алла разы болсын» деген сияқты сөздерді қосып отырған.

Десек те кейбір көзқарастарды кімдікі екенін айтпай, «кейбіреулер былай дейді» деп келтіре салады, немесе, көп тұстарда хадистерді сөзбе-

сөз емес, мазмұнын келтіреді. Бұл – көпшілік фақиһтардың әдеті.

Әли ибн Мұхаммед әл-Исбиджаби Орта ғасырларда Қазақстаннан шыққан ханафи мазһабының көрнекті өкілі, ғалымы болған.

#### Әдебиеттер

Шарх әл-Испиджаби алә ат-Таһауи ли әл-имами әл-Әспиджаби. Мин бәб арийа илә ниһаиа китаб ли әл-истибра. Дирасат уә тахқиқ аtryха дуктура муқаддима илә мажлис куллия шарига. (Бағдад, әл-Жамият Исламия, 2012).

Шарх мұхтасар ат-Таһауи ли шейх әл-ислам әби әл-Хасан Аләуддин Али ибн Мұхаммед ас-Самарқанди әл-Испиджаби. Мин бидаиаи китаб әл-манасик илә ниһаиаи китаб әл-һауала уә әл-кафала. Дирасат уә тахқиқ: Адил ибн Мулфи ибн Муснад әл-Улуи әл-Әуфи. Рисала илми мухадимат линаил даражат алия (мажистр), әл-Мамлакут әл-Арабия ас-Суудия, әл-Жамият әл Исламия бил-Мадина әл-Мунауара, кулият аш-шария, кисм әл-фиqh, 1436-1437/2015-2016 ;

Шарх мұхтасар ат-Таһауи ли шейх әл-ислам әби әл-Хасан Аләуддин Али ибн Мұхаммед ас-Самарқанди әл-Испиджаби. Мин әууәл китаб әл-кисас уә әд-диат илә ниһаиаи әл-китаб. Дираса уә тахқиқ: Рисалат Илми мухадимат линаил даражат алия (мажистр) Мухсин Салих бин бин Хусейн әл-Жуди. әл-Мамлакут әл-Арабия ас-Суудия, әл-Жамият әл-Исламия бил-Мадина әл-Мунауара, кулият аш-шария, кисм әл-фиqh, 1434– 1435/2013-2014 хижри;

Табакату әл-ханафия. Әл-Мулла Аләуд-дин Али ибн әл-Хумаиди әл марууф би ибни әл-Ханаи. Дирасатан уә тахқиқ: устаз, доктор Мухи Хилал әс-Сархан. Әл-Жузу әл-Аууал. (Бағдад, 1427/2005);

Манабаев Б.М. Орталық Азия мұсылман құқығы тарихындағы Али ибн Мұхаммад әл-Исбиджабидің (535/1141 к.б.ж.) орны мен маңыздылығы: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. (Алматы, 2017).

История Казахстана в арабских источниках. III том. Извлечения из сочинений XII– XVI веков. (Алматы, 2006).

#### References

Sharh al-Ispidjabi ala at-Tahayi li al-imami al-Aspidjabi. Min bab ila nihaya kitab li al-istibra. Dirasatan ua tahkikan atryha duktura mukaddima ila majlis kulliya shariga. Bagdad, al-Zhamiyat Islamiya 2012.

Sharh muhtasar at-Tahayi li sheih al-islam abi al-Hasan Alauddin Ali ibn Muhammad as-Samarkandi al-Ispidjabi. Min bidayati kitab al-manasik ila nihayati kitab al-hauala ua al-kafala. Dirasatan ua tahkikan: Adil ibn Mulfi ibn Musnad al-Ului al-Aufi. Risala ilmi muhadimat linail darajat Aliya (majistr), al-Mamlakut al-Arabiya as-Suudiya, al-Zhamiyat al Islamiya bil-Madina al-Munauara, kuliyat ash-shariya, kism al-fikh, 1436-1437/2015-2016 ;

Sharh muhtasar at-Tahayi li sheih al-islam abi al-Hasan Alauddin Ali ibn Muhammad as-Samarkandi al-Ispidjabi. Min auual kitab al-kisas ua ad-diiat ila nihayati al-kitab. Dirasatan ua tahkikan: Risalat ilmi muhadimat linail darajat aliya (majistr) Muhsin Sali bin Husein al-Judi. Al-Mamlakut al-Arabiya as-Suudiya, al-Zhamiyat al-Islamiya bil-Madina al-Munauara, kuliyat ash-shariya, kism al-fikh, 1434– 1435/2013-2014 hizhri;

Tabakatu al-hanafiya. Al-Mulla Alaud-din Ali ibn al-Humaidi al maruuf bi ibni al-Hanai. Dirasatan ua tahkikan: ustaz, doctor Muhi Hilal as-Sarhan. Al-Zhuzu al-Auual. Bagdad, 1427/2005;

Manabayev B.M. Ortalik Aziya musulman kuckygy tarihyndagi Ali ibn Muhammad al-Ispidjabidin (535/1141 k.b.j.) orni men manyzdiligi. Filosofiya doktory (PhD) darejesin alu ushin daindagan dissertatsiy. Almaty, 2017.

Istoriya Kazakhstana v arabских istochnikah. III tom. Izvlecheniya iz sochinenii XII-XVI vekov. A., 2006.



**Алиева А.**

Институт Востоковедения Академии наук Азербайджана,  
Азербайджан, г. Баку,  
e-mail: aminaliyeva@mail.ru

## **К ВОПРОСУ О ЖЕНСКОМ ДОСТОИНСТВЕ В ИСЛАМСКОМ ОБЩЕСТВЕ**

Статья посвящена одному из наиболее обсуждаемых сегодня вопросов – проблеме о положении женщины в исламских странах. Автор проводит небольшой исторический обзор о положении женщин в доисламском арабском обществе, в Древнем Риме, в Древней Греции и в древнем христианстве. В эпоху раннего Средневековья в исламских регионах, где люди жили племенами и где существовали патриархальные отношения, женщины представляли наиболее уязвимую часть общества и об их участии в культурной и социально-политической жизни не могло быть и речи. В статье проведен сравнительный анализ положения женщин в мире до и после ислама, что позволит нам лучше понять те позитивные изменения, которые принес Ислам, и представить современную картину положения женщин. Далее в статье анализируются основные права женщин в исламе на основе Деклараций, принятых в Дакаре (1983) и в Каире (1991) на саммите ОИС (Организация Исламского Сотрудничества). 11 пунктов Декларации опираются на соответствующие суры из Корана.

**Ключевые слова:** ислам, общество, право, доисламское общество, права женщин, международные документы.

Aliyeva A.

Institute of Oriental Studies of Academy of Sciences of Azerbaijan, Azerbaijan, Baku,  
e-mail: aminaliyeva@mail.ru

### **On the issue of women's dignity in an Islamic society**

The article is devoted to one of the most discussed issues today – the issue of the status of women in Islamic countries. The author conducts a small historical review of the status of women in pre-Islamic Arab society, in ancient Rome, in ancient Greece and in ancient Christianity. In the era of the early Middle Ages, in Islamic regions, where people lived in tribes and where patriarchal relations existed, women represented the most vulnerable part of society and their participation in cultural and socio-political life was out of the question. The article provides a comparative analysis of the situation of women in the world before and after Islam, which will allow us to better understand the positive changes that Islam has brought and present a modern picture of the status of women. The article further analyzes the fundamental rights of women in Islam based on the Declaration adopted in Dakar (1983) and Cairo (1991) at the OIC (Organization of Islamic Cooperation) summit. The 11 points of the Declaration are based on the relevant suras from the Quran.

**Key words:** islam, society, law, pre-islamic society, women's rights, international documents.

Әлиева Ә.

Шығыстану институты Әзірбайжан Ғылым Академиясының, Әзірбайжан, Баку қ.  
e-mail: aminaliyeva@mail.ru

### **Ислам қоғамында әйелдердің ар-намыс мәселесі**

Мақалада бүгінгі күнде жиі талқыланып жүрген маңызды мәселелердің бірі – ислам елдеріндегі әйелдердің мәртебесі туралы тақырыпқа арналған. Автор исламға дейінгі араб қоғамында, ежелгі Римде, ежелгі Грецияда және ежелгі христиан дінінде әйелдердің мәртебесіне шолу жасады. Ертеректегі Орта ғасыр кезеңінде ислам аймағында тұрған тайпалар өмір сүру кезінде,

онда патриархалдық қарым-қатынастардың басым болуына байланысты әйелдер қоғамның ең төменгі сатысында орын алды және олардың қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени өміріне қатысуына ешбір мүмкіндіктері болмады, ол кезде тіпті ол туралы сөз де қозғалмады. Мақалада исламға дейінгі және кейінгі қоғамдағы әйелдердің хал ахуалына салыстырмалы талдау жасалған, жасалған талдау исламның әйел мәселесін шешудегі жетістіктерін және мұсылман әйелдерінің қазіргі жағдайларын толыққанды түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада ИЫҰ Ислам Конференциясы Ұйымы саммитінде Дакарда (1983) және Каирде (1991) қабылданған Декларацияға негізделген исламдағы әйелдердің негізгі құқықтары талданады. Декларацияның 11 тармағы Құранның тиісті сураларына негізделген.

**Түйін сөздер:** ислам, қоғам, құқық, исламға дейінгі қоғам, әйел құқығы, халықаралық құжаттар.

## Введение

Философская мысль исламского региона Востока восходит к древности. В этот период делались попытки ее осмысления, оценки и освоения. От века к веку рос интерес науки к данному феномену, ширились масштабы исследования его как внутри, так и за пределами региона.

Однако до сих пор научные контакты между философами-ориенталистами, специализирующимися по философии исламского региона, не носят систематического характера. Почти полностью отсутствует научная координация проводимых исследований, неудовлетворительная информация об опубликованных и планируемых работах.

Одним из наиболее обсуждаемых сегодня вопросов как в восточных, так и в западных исследованиях является вопрос о положении женщины в исламских странах. Чтобы глубже узнать об изменениях, произошедших в статусе женщины до и после ислама, следует вспомнить её предыдущую ситуацию. В многочисленных сурах Корана, например «Женщины», «Марьям», нашли освещение проблемы женщины, их материальные и моральные права; в десятках стихов Корана приведены четкие и ясные законы, полные мудрости, призывающие и обязывающие мужчин к их принятию и исполнению. Мы проведем сравнительный анализ положения женщин в мире до и после ислама, что позволит нам лучше понять те позитивные изменения, которые принес Ислам, и представить современную картину положения женщин.

Коран – это священная книга мусульман, ниспосланная Пророку Мухаммеду 14 веков назад. Одной из обязанностей мусульманина перед Священным Кораном является строгое следование всем предписаниям, указанным в нем, а также строить свою жизнь в соответствии с нравственными принципами этой книги. Однако,

в эпоху раннего Средневековья в исламских регионах, где люди жили племенами и где существовали патриархальные отношения, женщины представляли наиболее уязвимую часть общества и об их участии в культурной и социально-политической жизни не могло быть и речи.

Исследователь Густав ле Бон (Gustave Le Bon, 1884) посвятил ряд своих исследований вопросу истории исламской цивилизации, в которых он затрагивал проблему положения женщины как в исламском мире, так и за его пределами. Коснемся некоторых из них.

## Основная часть

Женщины в доисламском арабском обществе. Женщина в доисламском арабском обществе была объектом общего презрения и постоянно подвергалась насилию: ее права были растоптаны. Она считалась простым существом, ей не полагалось наследство, поскольку оно предназначалось для тех, кто мог поддерживать себя в седле, сражаться и приносить добычу. А еще хуже, что её унаследовали после смерти мужа, вместе с остальным имуществом. Если у ее мужа были дети от других женщин, то старший сын имел больше прав над женой своего отца, чем любой другой: она становилась его собственностью. Она имела права уйти из дома, если её кто-то выкупал. Ей не разрешали вернуться к мужу после развода, мужчина мог жениться несколько раз без каких-либо ограничений, женщина же не имела права выбирать мужа, у неё не было никаких прав в отношении своего мужа.

В арабском мире в тот период рождение дочери воспринималось как несчастье. Арабы так ненавидели новорожденных девочек, что хоронили их живьем. Эта практика была распространена среди некоторых арабских племен, а мотивы варьировались в зависимости от социального положения семьи. Приведем некоторые суры из Корана, запрещающие эту чудовищную практику.

«Когда кому-либо из них сообщают весть о девочке, лицо его чернеет, и он сдерживает свой гнев», «Он прячется от людей из-за дурной вести. Оставит ли он себе ребенка с позором или же закопает ее в землю? Воистину, скверны их решения!» [Сура 16: Ан-Нахль, (Пчелы) стихи 58-59].

Многие хоронили своих новорожденных девочек из страха бедности. Коран выразил это следующими словами:

«Не убивайте своих детей, опасаясь нищеты, ведь Мы обеспечиваем пропитанием их вместе с вами. Воистину, убивать детей – тяжкий грех» [Сура 17: Аль-Исра, (Ночной перенос) стих 31].

Единственное, чем могла гордиться восточная женщина, это защита, которую ей давал мужчина, право мести, которую он ей гарантировал, если ее честь и достоинство были затоптаны.

Женщина в Древнем Риме. Касательно вопроса о положении женщины в Древнем Риме французский историк, социолог, антрополог в своей книге «История арабской цивилизации» Густав Ле Бон пишет: Рождение девочки обычно не было желательным, поэтому обычаи позволяли отцу, когда его жена рожала инвалида ребенка или девочку, умертвить их; но жаждали они мальчиков (Gustave Le Bon, 1884: 119).

Женщина в римском обществе была юридически недееспособна и полностью подчинялась власти мужчины. У него были очень широкие права на всех членов семьи, вплоть до того, что убить свою жену за определенные прегрешения. Кроме того он имел власть над женами своих детей и мог продать, изгнать из дома или убить их.

Роль женщины заключалась в послушании и повиновении; она не могла противостоять приказам мужа или требовать свои права. Она была лишена всякого наследства – оно всегда доставалось старшему сыну. Римлянин мог привести в свою семью незнакомца или продать одного из её членов (Gustave Le Bon, 1884: 408).

Женщина в Древней Греции. Судьба греческой женщины была не лучше, чем в других обществах; её достоинство ни во что не ставилось, ее можно было заимствовать и одалживать (Gustave Le Bon, 1884: 406). Она была лишена образования и деградировала до такой степени, что ее называли «мерзостью, работой дьявола» (Gustave Le Bon, 1884: 40). Ни один закон не защищал её, она лишалась права на наследство и не могла распоряжаться своим имуществом; она не пользовалась свободой, оставалась покорной мужу всю свою жизнь. Развод был абсолютным правом мужа (Gustave Le Bon, 1884: 186).

Женщина в древнем христианском мире. Женщина в древнем христианском мире считалась источником греха, преступлений и несчастий, которые постигли все человечество. Там отношения между мужчиной и женщиной считались грязными и их нужно было избегать, даже в браке. По этому поводу Тертуллиан \*говорит: «Она – путь Дьявола в человеческую душу, именно она толкнула человека к проклятому дереву, нарушив законы Божьи, и изменила образ Бога».

В Новом Завете по вопросу о месте женщины в семье Павел Апостол высказывается следующим образом:

«Но я хочу, чтобы вы знали, что Христос является главой каждого мужчины, что мужчина является главой женщины и что Бог является главой Христа ... Мужчина не должен покрывать голову, поскольку «Он – образ и слава Бога, а женщина – слава мужчины. Действительно, мужчина не был взят от женщины, но женщина была оттянута от мужчины; и мужчина не был создан из-за женщины, но женщина была создана для мужчины. Вот почему женщина должна иметь на голове знак принадлежности авторитету мужа, от которого она зависит ... » Павел Апостол [Новый Завет, 1 Кор. 11: 2 и 11: 7-10].

Или еще: «Жены, будьте покорны своим мужьям как Господу, ибо муж есть глава женщины, потому что Христос является главой церкви» [Новый Завет, Ефессянам 5: 22-23].

Добавим еще к сказанному, что развод в то время не был возможным, какова бы ни была степень вражды и серьезность проблем между супругами.

\*Квинт Септимий Флоренс Тертуллиан (Quintus Septimius Florens Tertullianus; 155/165, Карфаген – 220/240) – один из наиболее выдающихся раннехристианских писателей, теологов и апологетов, автор 40 трактатов, из которых сохранился 31. Он выработал кодекс христианской морали в трактатах «О зрелищах» («De spectaculis»), «Об идолопоклонстве» («De idololatria»), «О женском убранстве» («De cultu feminarum») и «К жене» («Ad uxorem») и т.д.

Тюркская женщина в средние века. Положение женщины в тюркском обществе было совершенно иное. В традиционных тюркских семьях отношения внутри семьи носили равноправный характер, то есть женщины зачастую принимали активное участие в социальной жизни (Chronique de Michel le Syrien, 1910). Согласно мнению турецкого исследователя Зия Гокальпа, несмотря на уважение к мужчине как к во-

ину и главе семьи, тюркское общество не было слишком патриархальным и отношения в семье складывались как равноправные. В средневековой азербайджанской эпической поэзии «Деде Коркуд» мы читаем, что тюркские женщины прекрасно ездили верхом и владели оружием, сопровождали своих мужей на полях сражений. В эпосе прекрасно освещен образ женщины в тюркской среде – матери, жены, ее положение в обществе. В эпосе образ матери считается священным и символизируется «раем, находящимся у её ног» (Quliyev C.V.: 21-22).

Кочевой образ жизни обязывал женщину приспосабливаться к мужским повадкам, то есть быть всадником и воином. (Учок Б., 1982: 35). Интересно отметить, что женщина имела свободу в выборе спутника жизни. В связи с этим привлекает внимание «Хроника» Мишеля Ле Сириена (1126-1199), который жил в Малой Азии и имел возможность общаться с тюрками и наблюдать за их внутренней жизнью (Chronique de Michel le Syrien, 1910).

Как отмечает Мишель Ле Сириен, тюркские женщины были спутницами своих мужей. У женщины был важный социально-политический статус в тюркском обществе. Они были не только хранителями семейного очага, но и носителями национальных идей и традиций.

В плане связи с исторической действительностью, следует рассматривать и оценивать описание низами своеобразного идеального государства, возглавляемого правительницей Нушабэ, мудрой и справедливой. В Барде, изумительном по красоте и изобилию крае, где было и «птичье молоко», некогда царила непорочная дева Нушабэ, окруженная только женщинами. Отличаясь физической красотой и мудростью ума, эти женщины далеки от земной любви и сладострастия. Мужчины здесь только гулямы – защитники страны. Они лишены даже права созерцать женщин и свою правительницу. Нушабэ отличает мудрость разума, чистота души, доблесть, скромность, постоянная забота о благе своего народа; она справедлива, благожелательна. Живет эта женская община в роскоши и веселье. «Их приятель – напев, их забвение – в чаше, ничего им на свете не кажется краше».

«И все жены цветут. В созерцаньи они  
И в веселье проводят счастливые дни».

Но все, и царица, и окружающие ее женщины, всегда помнят о Творце, и, проведя день в веселье, по ночам царица одинокая входит в молельню из «мраморных глыб», где до утра

страждет и молится Богу, днем же снова предается веселью, «видя благо лишь в этом». При встрече с Искендером Нушабэ мудро доказывает ненужность, никчемность человеку драгоценностей, золота, неоправданность борьбы, войн из-за них. Однако царь, соглашаясь с ней, попрекает ее самую в пристрастии к самоцветам и роскоши.

В описании Барды и Нушабэ низами отнюдь не осуждает роскошь, дополняющую красоту и совершенство обитательниц этой страны. Наоборот, поэт бесконечно красочен, восторженно воспевая земное богатство, столь украшающее человеческую жизнь.\*

При анализе глав «Искендер-наме», посвященных правительнице Барды Нушабэ, вероятно, следует иметь в виду известные мыслителю факты об амазонках и правительницах Востока; известны многочисленные случаи, когда на Востоке женщины и не в условиях матриархата правили страной. Так, в «Родословной туркмен» Абулгазихана, в последней главе, озаглавленной «Девушки, которые были беками у огузова племени», автор называет со слов хорошо знающих историю стариков и бахши «семь девушек, которые, подчинив себе все огузово племя, много лет были беками». Среди них на первом месте названа жена Салор-Казан-Алпа (также известная как воительница из «Китаби Деде Коркуд»), на втором – «Барчин-Салор, дочь Кармыш-бея и жена Мамыш-бея (т.е. Алпамыша). По словам Абулгазихана, «ее могила на берегах реки Сыр и пользуется известностью среди народа. Узбеки ее называют «Барчины-Гек-Кашане».

Об островах, где живут только мужчины и только женщины, писал французский путешественник XIV в. Журден из Северака.

Легенды об островах амазонок встречаются у многих средневековых авторов – европейских, арабских, китайских и, в частности, у Марко Поло, который мужской и женский острова поместил в 500 милях к югу от Мокрана в Аравийском море. Родиной амазонок в греческой мифологии считали Малую Азию и побережье Меотийского озера (Азовское море). О всесторонних способностях женщины, вплоть до участия в управлении государством, писал Ибн Рушд. В отличие от утопий западного Ренессанса, где женщина прислуживает мужчине, Восток не только «вручает женщине власть правителя», в восточной философии мы находим и попытки научно обоснования подобного высокого положения женщины в обществе.

## Основные права женщины в исламе

Особо отметим, что последующая часть статьи подготовлена (в основном) на базе деклараций о правах человека в исламе, принятых в Дакаре (1983) и в Каире (1991) на Саммите ОИС (Организация Исламского Сотрудничества).

Азербайджан стал членом Организации Исламского Сотрудничества в декабре 1991 года после восстановления независимости Азербайджана. ОИК стала первой организацией, в которую вступила страна. Организация Исламского Сотрудничества (до 2011 года называлась Организация Исламская Конференция) – межправительственная организация, которая была создана в 1969 году в Марокко. В организацию входят 57 государств [FS. AZƏRBAYCAN VƏ İƏT].

Мы проанализируем 10 пунктов из Декларации:

1. Женщина равна мужчине в вопросах ответственности за исламские законы: она связана теми же обязательствами, что и мужчина. При выполнении таких предписаний Корана, как молитвы, закят, пост и паломничество, женщины подобны (shakaikou)\* мужчинам.

2. Женщина равна мужчине в отношении вознаграждения и наказания в земной и в будущей жизни.

«Верующих мужчин и женщин, которые поступали праведно, Мы непременно одарим прекрасной жизнью и вознаградим за лучшее из того, что они совершали» (Сура 16:Ан-Нахль, (Пчелы) стих 97).

3. Женщина подобна мужчине в отношении своей человеческой природы: это не источник первородного греха, ни причина изгнания Адама из Рая, как утверждают ученые предшествующих религий.

\*Арабское слово (shakaikou) означает сходство, идентичное, подобное. Однако мы вынуждены с сожалением констатировать, что принцип, подтверждающий равенство между мужчинами и женщинами, не стал центральным в сознании восточного мужчин.

«О люди! Бойтесь вашего Господа, Который сотворил вас из одного человека, сотворил из него пару ему и расселил много мужчин и женщин, произошедших от них обоих. Бойтесь Аллаха, именем Которого вы просите друг друга, и бойтесь разрывать родственные связи. Воистину, Аллах наблюдает за вами. [Сура 4:Ан-ниса, (Женщины) стих 1].

В этих стихах мы видим, что Бог создал представителей обоих полов, мужчин и женщин, от одного и того же корня; нет никакой разницы в их создании и в их соответствующих способностях, они равны.

По этому принципу ислам отменил все предыдущие системы, которые несправедливо лишали женщину или жену значительной части её прав как человека.

«Женщины – это сестры мужчин», сказал по этому поводу Абу Давид в хадисах. [Abû Dâwud (1/61), hadith n° 236]

4. Женщина, как и мужчина, имеет право на уважение, и её достоинство должно быть сохранено; любое лицо, виновное в клевете на неё, подлежит наказанию:

«Тех, которые обвинят целомудренных женщин и не приведут четырех свидетелей, высеки-те восемьдесят раз и никогда не принимайте их свидетельства, ибо они являются нечестивцами [Сура 24:Ан-Нур (СВЕТ), стих 4].

5. Женщина равно как и мужчина имеет право на наследство.

«Мужчинам принадлежит доля из того, что оставили родители и ближайшие родственники, и женщинам принадлежит доля из того, что оставили родители и ближайшие родственники, будь его мало или много. Таков предписанный удел» [Сура 4:Ан-ниса (Женщины), стих 7].

Ислам предоставил женщине право на наследство, тогда как она была лишена этого права (в период доисламского невежества). Более того, она считалась вещью, которая могла бы быть наследована.

«О те, которые уверовали! Вам не дозволено наследовать женщин против их воли. Не чините им препятствия, чтобы унести часть приданого, которое вы им дали, если только они не совершили явной мерзости. Живите с ними достойно, и даже если они неприятны вам, то ведь вам может быть неприятно то, в чем Аллах заложил много добра» [Сура 4: Ан-ниса (Женщины), стих 7].

6. Женщины, как и мужчины, считаются в юридическом праве лицами, которые могут свободно осуществлять финансовые операции без какого-либо опекуна или ограничения в своих сделках, за исключением сделок, противоречащих закону.

«О те, которые уверовали! Делайте пожертвования из приобретенных вами благ и того, что Мы возрастили для вас на земле, и не стремитесь раздать в качестве пожертвования дурное, чего бы вы сами не взяли, пока не зажмурили глаза.

И знайте, что Аллах – Богатый, Достохвальный» [Сура 2: Аль Бакара (Корова), стих 267].

Или еще: «Воистину, для мусульман и мусульманок, верующих мужчин и верующих женщин, покорных мужчин и покорных женщин, правдивых мужчин и правдивых женщин, терпеливых мужчин и терпеливых женщин, смиренных мужчин и смиренных женщин, подающих милостыню мужчинам и подающих милостыню женщинам, постящихся мужчин и постящихся женщин, хранящих целомудрие мужчин и хранящих целомудрие женщин и часто поминающих Аллаха мужчин и женщин, Аллаху готовил прощение и великую награду [Сура 33: Аль-Ахзаб (Союзники), стих 35]

7. Ислам рассматривает факт охраны чести женщины как здоровой, совершенной и добродетельной личности.

«Верующий, чья вера является самой полной, – это тот, кто имеет лучшее поведение; и лучшие из вас – лучшие по отношению к своим женщинам» – говорится в хадисе Сахих ибн Хиббана [Sahih Ibn Hibban, 9/483, hadith n° 4176].

8. Для получения образования и обучения женщины имеют равные права с мужчинами. Ибн высказался по этому поводу следующим хадисом:

«Поиски знаний – обязательства для всех мусульман» [Ibn Ma'ja (1/81), hadith n 5147].

Ученые единодушны в том, что слово «мусульманин» распространяется как на мужчин, так и на женщин.

9. Женщины равны мужчинам в образовании, они оба имеют право на хорошее образование и профессиональную подготовку; тем не менее ислам рассматривает образование и заботу о девочках как одну из причин попадания в Рай:

«Вознаграждением будет рай тому, кто позаботится о трех девочках, воспитает их, выдаст их замуж, благочестиво будет к ним относиться» [Abû Dâwud (4/338), hadith n°5147].

10. Женщины, как и мужчины, ответственны за реформу общества, рекомендуя добро и запрещая зло:

«Мужчины и женщины являются помощниками и друзьями друг другу. Они велят совершать одобряемое и запрещают предосудительное, совершают намаз, выплачивают закят, повинуются Аллаху и Его Посланнику. Аллах смилостивится над ними. Воистину, Аллах – Могущественный, Мудрый.» [Сура 9: Ат-Тауба (Покаяние), стих 71].

11. Женщины, как и мужчины, имеют право на предоставление им убежища:

«Если же какой-либо многобожник попросит у тебя убежища, то предоставь ему убежище, чтобы он мог слышать Слово Аллаха. Затем доставь его в безопасное место, потому что они – невежественные люди.» [Сура 9: Ат-Тауба (Покаяние), стих 6].

